Қағажу көрмеуі тиіс
2-бет

«Танымайтын жерде тон сыйлы...»
5-бет

Қарқаралының көне тарихы
6-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **13 ШІЛДЕ**, 2023 ЖЫЛ **№76 (23 252)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Ауыз су кесте арқылы беріледі

Ертіс-Қарағанды су құбырының тозуына байланысты Теміртауда ауыз су 12, 13, 14 шілдеде сағат 06:00-ден 10:00-ге дейін және 18:00-ден 23:00-ге дейін ғана беріледі. Бұл туралы аталған қаланың бір бөлігін сумен қамтамасыз ететін «Оқжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі әлеуметтік парақшасында хабарлады. Желідегі жөндеу жұмыстарына байланысты олар ауыз сумен жабдықтауды кесте бойынша беруге мәжбүр.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақпаратты құзырлы орган да растады. Теміртау қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Гүлнұр Абдугалиеваның айтуынша, мұндай шара – уақытша. Демалыс күндерінде су беру жүйесі толық іске қосылады.

Теміртауға ауыз су келетін құбырдың жалпы ұзындығы – 27 шақырым. Ол 1973 жылдан бері жөндеу жұмыстарын көрмеген. Тозығы жетіп тұр. Бірақ, биыл 5 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде.

Сондай-ақ, тұтынушылардың өтінімдері бойынша су тасымалдау ұйымдастырылады. Ол үшін сенім телефоны жұмыс істейді. Қала әкімінің баспасөз хатшысы тұрғындар тарапынан әзірге арыз-шағым түспегенін атады.

● ӨЗЕКТІ

Апта бойы аптап ыстық

+40 градус тұңғыш рет тіркелуі мүмкін

Аптаның басында басталған аптап соңына дейін жалғасатын түрі бар. «Қазгидромет» РМК Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы филиалы мамандары осылай деп болжап отыр. Бүгін және ертең Қарағандыда +35-38 градус, облыстың оңтүстігінде +40 градус күтіледі. Ал, 15 шілдеден кейін ауа температурасы сәл де болса бәсеңдейді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Синоптиктердің болжамынша, бүгін облыста ауа температурасы ыстық – күндіз +32-38, түнде +15-20 градусты көрсетеді. Оңтүстігінде +40 градусқа жетеді деп болжануда.

– Солтүстік-Батыстан келетін фронтальді аймақтардың себебінен 14-15 шілде күндері 15-20 м/сек болатын жел тұруы мүмкін. 15 шілде күні облыстың басым бөлігінде жел тұрады. Кей жерлерде ол секундына 25 метрге жетуі мүмкін. Бүгін Қарағанды қаласында шамалы жаңбыр жауып, найзағай ойнауы ықтимал. Бірақ, ыстық сақталады, +35-37 градус. 15 шілдеге дейін ыстық болады, одан кейін сәл салқындайды, – дейді «Қазгидромет» РМК Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы филиалының кезекші инженері Анастасия Полянская.

Маманның айтуынша, Қарағанды қаласының басында осы уақытқа дейін +40 градус тіркелмепті.

– 2005 жылы шілдеде тіркелген ең жоғары температура + 39,5, – дейді Анастасия Полянская. – Қарағанды қаласында максимум +37-38 градус болады. + 40 градус облыстың оңтүстігі – Сарышағанда тіркелуі мүмкін. Бұл – облыста алғаш рет. Ал, Ұлытау, Жезқазған аймақтарында географиялық ерекшеліктеріне байланысты ауа райы онсыз да өте ыстық.

Ыстық ауа райы денсаулыққа қауіпті. Әсіресе, егде адамдар, жүкті әйелдер, балалар, созылмалы аурулары бар адамдарға, дәрі-дәрмек қабылдайтын адамдар мен далада жұмыс істейтін және физикалық жаттығулармен айналысатын адамдарға айтарлықтай қатер төндіруі мүмкін. Дәрігерлер осы топқа жататын адамдарға ерекше сақ болуды ескертеді.

– Күн өтуден қорғанудың ең тиімді жолы – сыртқа шықпауға тырысу. Ал, шыққан жағдайда көбірек су ішіп, ашық түсті, кең киімдер кию қажет. Мүмкіндігінше көлеңке жермен жүрген дұрыс. Тамақтанғанда да ашы тағамдардан бас тартқан жөн. Кофе, ішімдік, газдалған сусындар жүрекке салмақ түсіреді, – дейді Қарағанды қаласының №5 емханасының учаскелік дәрігері Ләйла Ибраева.

Оның айтуынша, күн өткен кезде жүрек айну немесе құсу, бастың ауыруы немесе айналуы, тыныс алу мен жүрек қағысының жиілеуі, тіпті, адамның естен тануы да мүмкін. Сондықтан дәрігер серуендеу үшін таңертеңгі 10-ға дейінгі және күндізгі 17:00-ден кейінгі уақытта шығуға кеңес береді.

Сондай-ақ, дәрігер салқындау үшін ауа баптағыштарды (кондиционер) дұрыс қолданбаудың зиянын да сөз етті.

– Қазір көпшілік көлікте де, кеңседе де, үйде де ауа баптағыштарды қолданады. Ғимарат ішіндегі ауа температурасы сырттағыдан 10 градус қана төмен болғаны дұрыс. Қатты суық қосса, иммунитет әлсіреп, суық тию, жөтел, пневмония сияқты ауруларға әкелуі мүмкін. Себебі адам ағзасы ауа температурасының күрт өзгеруіне бейімделіп үлгермейді. Жазда суық тию жағдайларының көбейетіні сондықтан.

Сонымен қатар, WhatsApp желісінде ауа температурасы +50 градусқа дейін көтерілетіні туралы ақпараттың жалған екенін де ескерген жөн. Stopfake.kz сайтындағы дерекке сенсек, хабарламада айтылған «мысық күндері» деген термин метеорологияда да, климатологияда жоқ.

«Әр 60 жыл сайын қайталанатын аптап ыстық туралы теорияға келетін болсақ, оны желіде оңай тексеруге болады. Шын мәнінде, ауа температурасының көтерілуі тұрақты әрі алпыс жыл сайын орын алмайды. Соңғы жылдары әлемде рекордтық жоғары температура жиі тіркелуде. Мәселен, 2022 жылы Еуропада, ал, 2023 жылы температураның рекордты көрсеткіштері Азия елдерінде тіркелуде. Мұның себебі – Жердегі климаттың өзгеруі» делінген хабарламада.

Қазақстанда соңғы 30 жылдағы ең ыстық күн – 29 маусым күні тіркелгенін де айта кетейік. Бұл күні Батыс Қазақстанда сынап бағанасы плюс 45,5 градусты көрсетіп, 30 жыл бұрынғы рекордты жаңартқан еді. Қазір де аптап ыстық еліміздің барлық өңірлерінде сақталып тұр. Осыған байланысты өрт шығу қаупі өзекті бола түсті.

● КӨКЕЙКЕСТІ

Жазатайым оқиға неге жиіледі?

Аймақ дәрігерлері дабыл қағады. Себеп – көшеде жарақат алғандар қатары көбейгендігі. Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана ахуалдық орталығының жетекшісі Ерік Шонбаевтың айтуынша, 6-9 шілде күндері 1 647 адам медициналық көмекке жүгінген. Оның 127-сі орташа және ауыр деңгейдегі жарақатпен ауруханаға жатқызылған. Жапа шеккендердің 554-і – 17 жасқа дейінгі балалар. Түрлі жарақат салдарынан қайтыс болғандар да бар.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеше арнайы өткізілген брифингте маман көше жарақаттарының саны көбейіп келе жатқандығын айтты. Келтірілген статистика жаға ұстатады. Салдары – ауыр.

– Төрт күн демалыста 10 адам қайтыс болды, екеуі – бала. Бірі терезеден құлады, екіншісі, жол-көлік оқиғасы кезінде көз жұмды. Осы он адамның алтауы ауруханаға жетпей көз жұмды. Өте ауыр жарақат алған 17 адам реанимацияға жатқызылды. 7 шілде күні 441 адам, 10 шілдеде 486 адам жарақаттанды, – дейді Ерік Шонбаев.

Дәрігер мұндай «көрсеткішті» жаз мезгіліндегі адамдардың белсенділігімен байланыстырады.

– Адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық белсенділігі артады. Далаға шығады, демалысқа, туыстарына барады. Нәтижесінде жол-көлік оқиғалары, суға кеткендер, жарақат алғандар көбейеді. Осы жолы да Абай қаласы маңында бір адам суға кетті. Тұрғындар мен қала қонақтарынан демалуға шыққанда, суға түскенде, жол жүргенде қауіпсіздік шараларын сақтауды сұраймыз, – деді ол.

Ахуал орталығының жетекшісі жол-көлік оқиғалары кезінде қауіпсіздік белбеуін тағу өлім-жітімді 70 пайызға дейін төмендететіндігін атап өтті.

3-бет

Екі жоба: шексіз мүмкіндік

Қарағанды облысында екі ірі жобаны іске асыру аясында 219 ауыл сапалы интернетпен қамтылды. Осылайша, шалғай елді мекендердің 90%-дан астамы кең жолақты ғаламтор желісіне қол жеткізді. Ал, 2025 жылға дейін өңірде тағы осындай қос жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Естеріңізге салсақ, 2018-2021 жылдар аралығында ауылдарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету үшін «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірде екі ірі республикалық жоба іске асырылған еді.

– Бірінші жоба бойынша облыстың 47 ауылдық елді мекені талшықты-оптикалық байланыс желілерімен қамтылып, барлығы 151 мемлекеттік мекеме ғаламтор желісін пайдаланды. Келесі жоба аясында облыстың 71 ауылы үшінші, төртінші буын мобильді кең жолақты интернетке қол жеткізді. Бұған дейін Ақтоғай ауданының Нарманбет, Қошқар, Ақжарық, Қарқаралы ауданының Көктас, Шет ауданының Ақой және Батық ауылдары тұрғындарының ұялы байланысы болмаған еді, – деп хабарлады Қарағанды облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы.

Жалпылай алғанда, 349 елді мекеннің 219-ы, яки, ауыл халқының 91,3%-ы кең жолақты интернетпен қамтылды.

Ендігі мақсат – 2023-2025 жылдар аралығында тағы екі жобаны іске асыру. Бұл жолы антенна-діңгек құрылысын көтере отырып, ауыл тұрғындарын РРЛ (радиорелелік желілер) технологиясы бойынша үй интернетімен қамтамасыз ету көзделді.

– Бірінші жоба бойынша ұялы байланыс операторларымен бірлесіп 21 елді мекен таңдалып алынды. Бұл маңдарды мобильді интернетпен қамтамасыз ету үшін антенна-діңгек құрылыстарын салу басталмақ. Болжамды есеп деректері құрылысқа 978 млн. теңгеден астам қаражат қажеттігін алға тартады. Бұл соманы бөлу әзірге қарастырылу үстінде. Екінші жоба аясында өңірдегі 10 елді мекенді үй интернетіне қосу жұмыстары қолға алынуда. Бүгінгі таңда Нұра ауданының Тікенекті, Талдысай ауылдарын ғаламтор желісіне қосу үшін қаржы қарастырылып қойды. Жақын арада конкурстық рәсімдер басталады. Жыл соңына дейін ауыл интернет игілігін көретін болмақ. Қалған сегіз ауыл келер жылдың соңына дейін қосылады, – деп толықтырды ведомство мамандары.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 485.40 ●**USD/KZT** 441.11 ●**RUB/KZT** 4.88 ●**CNY/KZT** 61.26

Қазақстан Ұлттық Банкінің 12 шілде, 2023 жылғы дерегі бойынша

● БРИФИНГ

Демография артып, мүмкіндік молайып келеді

Қарағанды облысында тәулігіне 52 бала дүниеге келеді екен. Биылғы жылдың алты айында 8 707 мың бала дүниеге келді. Тағы 7 500 әйел сәби күтіп жүр. Облыстың денсаулық сақтау басқармасында айтылған дерекке сенсек, соңғы бес жыл ішінде аймақтағы балалар саны 12 мыңға өсіп, 319 мыңға жеткен.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста 1 млн. 206 мың адам тіркелген. Оның 1 млн-нан астамы, яғни, 84%-ы – қалада тұрса, ауылдық жерлерде 191 мың (16%) адам тұрады. Бала тууға қабілетті жастағы әйел адамның саны – 288 мың, зейнет жасында 203 мың адам бар. Оның 73 мыңы ер адам

және 130 мыңы – әйел. Сонымен бірге, 90 жастан асқан 3 715 қария адам тіркеуде. Мұндай деректерді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстың денсаулық сақтау басқармасы басшысы Бибігүл Төлегенова айтты.

– 37 алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымы, 14 стационар және 7 орталық аудандық аурухана мен 52 аурухана медициналық көмек көрсетеді. Нозологияның негізгі түрлері бойынша диспансерлік есепте 209 482 адам тұр. Оның ең көбі қан айналым жүйесі ауруларымен есепте, – дейді Бибігүл Төлегенова.

Спикердің айтуынша, аймақта босандыру қызметін дамыту қолға алынған. Облыстық клиникалық аурухана базасында ашылған отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық орталығында клиникалық-диагностикалық бөлімше, медициналық-генетикалық қызмет және ұрықты қорғау орталығы жұмыс істейді.

– Хирургиялық белсенділік 59%-дан 61%-ға өсті. Бұл уақытылы медициналық көмек көрсетуге және өлім-жітімді азайтуға әсер етті. Биылғы алты айда 43 мың операция жасалды. Бұл дегеніңіз, тәулігіне – 240 операция. Оның ішінде, жоғары технологиялық медициналық көмек бойынша 321 операция жасалды. Оның ішінде, экстракорпоралды ұрықтандыру бойынша технологияны айтуға болады. Биыл ЭКҰ-ға 403 квота бөлінді. Өткен жылы ЭКҰ жолымен 156 бала дүниеге келген болатын, – дейді Бибігүл Райханқызы.

Сонымен бірге, басшы «Қамқорлық» балаларды ерте оңалту орталығының жұмыс істей бастағандығын, жыл соңына дейін тағы да оңалту орталығын ашу жоспарланғанын жеткізді. Биыл 2 577 бала оңалту шараларынан өтті.

– Аймақта қан айналым жүйесі ауруларымен сырқаттанғандар көп екенін ескере отырып, биыл №2 көпсалалы аурухана базасында инсульт орталығын ашу жоспарлануда. Сонымен бірге, ол жерде мамандандырылған консультативтік-диагностикалық орталық ашылады. Онда науқастар жалпы практика дәрігерінің жолдамасынсыз білікті консультациялық-диагностикалық көмек алады. Сондай-ақ, Х.Мақажанов атындағы көпсалалы аурухана базасында тері арқылы емдеу орталығын ашу жоспарланып отыр. Осы айдан бастап, Қарқаралы ауданының аудандық ауруханасында инсульт орталығы жұмыс істеп жатқанын айта кеткен жөн, – деді ол.

Брифингте белгілі болғандай, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары деңгейінде шала туған балаларды бақылайтын 35 катамнез кабинетін ашу жоспарланған. Бибігүл Райханқызы облыстық клиникалық ауруханың консультативтік диагностикалық емханасы Ерубаев 41-43 мекенжайынан Сәкен 21 мекенжайына көшірілетінін де айта кетті.

– Ауылда медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста 92 нысан салынады. Оның 14-і қазіргі уақытта салынып жатыр. Теміртау мен Балқаш қалаларында көпбейінді аурухана қайта құрылатын болады.

Биыл алғаш рет жергілікті бюджеттен ауылдық жерлерге баратын жас мамандарды әлеуметтік қолдау үшін қаржы бөлінді. Төлем мөлшері 1,5 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге дейін. Жобаларды іске асыру халық денсаулығының көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған.

Ел азаматтарының өмір сүру ұзақтығын арттыру – біздің және мемлекеттің алға қойған негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі, – деді Бибігүл Төлегенова.

Қағажу көрмеуі тиіс

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық әлеуметтік маңызды нысандардың мүмкіндігі шектеулі жандарға қаншалықты қолжетімді екенін тексеруді мұқият тапсырды. Мүгедектігі бар жандардың мәселелері жөніндегі кезекті кеңесте білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, қалалық ортаның қолжетімділігі салаларындағы ең өзекті мәселелер талқыланды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір мемлекеттік мекемелер бойынша жұмыс жүргізілуде. Мораторийге қарамастан, жеке нысандар да өтініш бойынша тексерілетінін айта кеткен жөн. Бүгінгі таңда аймақта 55 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тұрады. Оның 4864-і – бала.

– Ten Qogam ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығында өткен соңғы кездесуге сүйене отырып, 24 мәселе анықталды. Олардың ішінде, оңалту құралдарын пайдалану мерзімдерін қысқарту, зейнеткерлік жастағы мүгедектерді ноутбукпен, оқу машинасымен, телефонмен қамтамасыз ету сынды проблемалар бар. Осы және басқа да көптеген мәселелерді шешу үшін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу қажет. Біз

сұрақтарды Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне жолдадық, – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекова.

Ten Qogam орталығының филиалдарын облыстың басқа қала, аудандарында ашу жоспарда бар. Бүгінде бұл алаң өзін билік өкілдерінің мүгедек адамдармен сындарлы диалогы үшін қолданыстағы тиімді құрылымдардың бірі ретінде көрсетіп отыр.

Облыс әкімі қоғамдық орындардың қолжетімділігі туралы мәселені көтеріп, ойын ортаға салды.

– Қоғамдық орындар – білім

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт мекемелері, сауда орталықтары мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді болуы қажет. Мемлекеттік және жеке ұйымдардың тізімдерін жасаңыздар және «бұрын – тік және жеке ұйымдардың тізімдерін жасаңыздар және «бұрын – қазір» қалай болғаны жайлы фото есепті талап етіңіздер. Әкімдерге бұл жұмысты айына бір рет жүргізуді ұсынамын. Сонда ғана нәтиже болады, – деп айрықша атап айтты Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, аймақ басшысы саябақтарда өтетін қалалық мерекелерге мүгедек балалар мен ересектерді жұмылдыруға тапсырма берді. Іс-шараларды мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді және қызықты болатындай етіп ұйымдастыру қажеттігін мұқият тапсырды.

Шындығында, дені сау адамдар, көңілі жарым мүмкіндігі шектеулі жандардың ішкі мұңын түсіне бермейміз. Облыс басшылығы қадап айтқан жоғарыдағы бастамалар олардың өздерін қоғамның тең мүшесі ретінде сезінуіне оң әсерін тигізері анық.

● ӘДЕП КЕҢЕСІ

Шенеунік кәсіпкер бола алмайды

Бәсекеге қабілетті мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, олардың әдептілігі де маңызды. Себебі, халықтың мемлекеттік аппаратқа деген көзқарасы мемлекеттік қызметшіге, оның жұмысына, мінез-құлқына тікелей байланысты. Олар өздері ұстануы тиіс қағидаларды қатаң сақтап, қызметін мінсіз атқаруы керек десек те, әдептен озып, іс-әрекетімен қоғамда мемлекеттік қызметтің нормаларына сай келмейтін түрлі кемшіліктерге жол беретін жағдайлар да кездесіп жатады. Бірақ, ондай әрекеттің барлығы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің қырағы қадағалауында. Аталған кеңестің жетекшісі Ербол Жолданғардың төрағалығымен өткен кезекті отырыста мемлекеттік қызметшілердің тарапынан жіберілген кемшіліктер талқыланып, тиісті шешім қабылданды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіппен айналысуға шектеу қойылған

Департаменттің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы Медет Ілияс мемлекеттік қызметшілерге қойылатын белгілі бір шектеулер бар екенін айтады. Соның бірі – кәсіпкерлік қызметпен айналыспау. Шектеуге немқұрайлы қараған қызметкер мемлекеттік қызметтің беделін түсірді деп есептеледі. Тіпті, өз пайдасы үшін сыбайлас жемқорлыққа да баруы мүмкін. Нәтижесі – мемлекеттік қызметтен толық босатылады.

Дәл осындай фактілердің алдын алу мақсатында департамент мемлекеттік қызметте бола отырып, кәсіпкерлікпен айналысудың алдын алу мақсатында талдау жүргізген. Уәкілетті мемлекеттік органдарға сұраныс жіберу арқылы алынған ақпарат шектеуге қарамастан, облыста кәсіпкерлікпен айналысатын мемлекеттік қызметшілер бар екенін көрсеткен.

– Талдау нәтижесі мемлекеттік қызметшілердің атына тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және жеке кәсіп бар екенін анықтады. Мәселен, Ақтоғай ауданы Шашубай ауылының әкімі аппаратының бас маманы А.Ежібаев, Шет ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінің бас маманы А.Сәдуақасов, осы ауданның Төменгі Қайрақты ауылының әкімі Ж.Әйешев ЖШС құрылтайшылары болғанымен, өздері кәсіпкерліктен ешқандай табыс таппағандарын айтты. Одан бөлек, Саран қаласы әкім аппаратының қызметкері В.Штайнмец жеке кәсібін сенімгерлік басқаруға бергені жайлы келісімшарт ұсынған. Бірақ, ол жеке кәсіпкерлік сенімгер-

лік басқаруға берілмейтінін ескермеген, – дейді Медет Ілияс.

Медет Бақтиярұлы мұндай заң бұзушылықтар мемлекеттік қызметшілердің заң нормаларының талаптарын дұрыс білмеуінде екенін айтады. Мемлекеттік қызметшілер кәсіптерін Әділет органында тіркеп үлгермеген және табыс тауып үлгермеген. «Аталған бағытта жұмыстар жалғасады және департаменттің үнемі қадағалауында» дейді бас маман.

«Ұзын арқан, кең тұсаудың» заманы өтті

Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау – мемлекеттік органдардың басым бағыты. Халықтың сенімі өтінішті сапалы қараудан басталып, ол мемлекеттік аппараттың беделіне әсер етеді. Бірақ, өкініштісі сол, іс жүзіне келгенде жекелеген мемлекеттік органдар халық үніне құлақ асатын мемлекеттің міндеттерін тиісінше орындамайтын жағдайлар да жоқ емес.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің аға прокуроры Елена Эдельханова мемлекеттік органдардың бірінші басшылары жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жұмысты ұйымдастыруға тиісті бақылау жасамайтынын айтты әдеп кеңесінде.

– Біз 2022 жылғы және 2023 жылғы 1-жартыжылдықтағы өтініштерді тіркеу және қарау кезінде жиі жіберілетін бұзушылықтарды талдадық. Ақпараттық жүйе автоматты түрде қарау мерзімін белгілегенімен, мемлекеттік органдар облыс бойынша 2022 жылы 387 өтініштің қарау мерзімін сақтамаған, – дейді Елена Евгеньевна.

Одан бөлек, өтінішті қарау кезінде бір органнан екінші органға жіберіп, әуре-сарсаңға салған кездер де жиі кездеседі. Бұл ретте жеке тұлға «е-өтініш» ақпараттық талдау жүйесінде өз өтінішінің қозғалысын бақылап отыру мүмкіндігі бар екенін ескерсек, мұндай әрекет мемлекеттік органдардың қабілетсіздігін көрсететінін айтады аға прокурор.

Өтініш қарау мерзімін бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға 2022 жылы – 29, 2023 жылы – 5 әкімшілік іс қозғалып, көлемді айыппұл салынса да, жағдай өзгеріссіз.

«Өтініштермен жұмыстың тиімді ұйымдастырылмауы мен бақылаудың әлсіздігі осындай жағдайларға әкелуде» екенін айтады Елена Эдельханова. Нәтижесінде, заңдылықтардың көптеп бұзылуы 2022 жылы облыс әкімінің қызметін бағалауға кері әсерін берген. Атап айтқанда, бағалау барысында 100 балдың небары 26-сын ғана жинап, 20 орынның ішінде 18 орынға түскен.

Жер бөлуде заңсыздықтар бар

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Әдеп кодексін сақтау бойынша облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Арман Ләмбеков баяндады.

2022 жылғы 1 қаңтардан Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетіне қарайтын мекеме құзыретіне мемлекеттік қызмет көрсету кірмейді.

Департамент қызметкерлері 2023 жылдың басынан жеке және заңды тұлғалардан келген 904 өтініштің 735-ін қараған. Одан бөлек, субъектілердің жер заңнамасын сақтауы бойынша 172 кезектен тыс тексеру жүргізген.

– Тексеру барысында 51 мың 34 га алаңда 124 жер заңнамасын бұзушылық анықталып, 20 адамға 2 млн. 673 мың 875 теңге көлемінде айыппұл салынды. Бүгінгі күнге салынған айыппұлдар толығымен өндірілді. Облыстың қалалары мен аудандарының жергілікті атқарушы органдары қабылдаған шешімдердің заңдылығын бақылау мақсатында 9 тексеріс жүргізіліп, нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 9 нұсқама берілді. Оның ішінде ауданы 3 353 га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін беру бойынша заңсыз қабылдаған 5 шешім жойылды, – дейді басқарма басшысы.

Одан бөлек, департамент Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша Қарқаралы, Шет және Бұқар жырау аудандарында профилактикалық бақылау жүргізіп, 20 128 гектарды құрайтын 23 жер учаскесін беруде бұзушылықтарды анықтап, нұсқама берген. Қазір Қарқаралы және Шет аудандарында анықталған бұзушылықтар жойылған. Ал, Бұқар жырау ауданы бойынша 8 мың 300 гектарға қатысты берілген нұсқама жер пайдаланушылардың өтініштері негізінде күші жойылған.

Әдеп кеңесінің отырысында сондай-ақ, Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін бұзушылықтардың алдын алу бойынша баяндама жасағанын айту керек.

● «ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ»

Үш нысан – ел игілігіне

Аймақтың астықты өңірі Нұра кентінде үш жаңа нысан пайда болды. Жаңадан ашылған Жастар аллеясы мен коворкинг орталығы кенттің сәнін кіргізіп тұр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Нұра кентінде жастардың екі аллеясын жабдықтадық. Асфальт төседік, орындықтар орнаттық. Жақында көшедегі онлайн караоке пайдалануға беріледі. Егер, жастарға бұл аллеялар ұнаса, оларды абаттандыру одан әрі жалғасады, – дейді Нұра ауданының Жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Шолтаев.

Оның айтуынша, аллеялар қазірдің өзінде жастар мен ауыл тұрғындарының сүйікті орнына айналып үлгерген. Әр кеш сайын

олар осында жиналып, музыкалық аспаптарда ойнап, ән айтады, күй шертеді.

Сонымен қатар, Нұра кентінде аудан бойынша осымен екінші коворкинг-орталық ашылды. Ол орталық аудандық кітапхана ғимаратында орналасқан және барлық қажетті заттармен жабдықталған.

– Коворкинг орталығы дүйсенбі-жұма күндері 09:00-ден 21:00-ге дейін, ал, сенбі мен жексенбіде 13:00-ден 21:00-ге дейін жұмыс істейді. Мұнда жастар бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізеді. Коворкингте теледидар, компьютерлер,

тегін Wi-Fi, сондай-ақ үстел ойындары – шахмат, тоғызқұмалақ бар. Демалу және өздігінен білім алуға арналған алаңдар да жабдықталған. Бұған дейін ауданның Шұбаркөл кентінде коворкинг-орталық ашылған еді, – деді Талғат Шолтаев.

Қазіргі таңда аудан аумағында 35 жасқа дейінгі 4854 адам тұрады.

НҰРА ауданы

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Дала – тақыр, шаруа – шарасыз

Ауылдағы ағайын малдың азығына алаң. Шілде туса да, қыстың көзі қырауда түлігін көтерем қылмай шығарар шүйгін шөп таппай шарасыздық кепті киген шаруалар кімге шағынарын білмей дал. Көктен тамшы тамбай кенерені кептірген жаңбырға ма? Әлде жылдар бойы ескерілмей келіп, енді тулақ сүйрегендей тақырға айналған шабындығына ма? Не болса да, малды кәсіп еткендердің мәселесі құзырлы орындарда майшаммен қарауды қажет етіп тұр. Әйтпесе, түлік өргізген қырдағы елдің өрісі тарылып барады. Онсыз да мидай даланы қуаңшылық майсыз табаға салып, қуырып жатқандай...

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жем-шөп бағасының биыл, тіпті, шарықтайтын түрі бар. Неге десеңіз, шаруалардың дені әлі шабындыққа шалғы салған жоқ. Шөптің көтерілгенін күтуде. Техникалары сақадай сай. Жердегі көктің құнары үшін көктен жауын тілеуде.

Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының мәлімдеуінше, 458 мың ірі қара, 696 мың қой және 312 мың жылқының қыстан қоңды шығуы үшін 1 млн. 900 мың тонна шөп қажет. Былтыр да осынша көлемде мал азығы маяланған екен.

Биыл шабындыққа 7 434 шалғы, 532 жатка, 2887 тырма және 769 шөп жинайтын (пресс) техника жұмылдырылады.

Алайда, көп шаруаға уақыт оздырған тиімді. «Былтыр шауып алған жерлер тап-тақыр» дейді олар. Жер де, жүйке де тозып тұр, қысқасы.

– Үш жыл болды. Шөп жоқ. Әйтеуір, сай-сайды қуалап жүріп, кезіккен шөпті орып аламыз. Қолдағы малға 1 500 тоннадай шөп жинауым керек. Мұның өзі мұңға айналды. Тракторды майлап қойдық. Шөп шабатын техниканы да жаңаладық. Арзандатылған дизель отынының литрін 210 теңгеден алдық. Барлығы дайын. Енді, жаңбырды, шөптің сәл де болса көтерілгенін күтеміз. Жылда артылған шөпті ауылдағыларға сатып, шыққан шығынды ақтап алатын едік. Биыл аман-есен өзімізге қажетті қор жинасақ та, тәубе дегелі отырмыз, – дейді қарқаралылық жеке шаруашылық иесі Қайырбек Қыдыралин. Ал, «Атамекен» шаруа қожалығының иесі Сланбек Қинаят даладағы шөптің аздығымен қоса, шегірткенің қаптап кеткенін айтып, шыр-пыр.

– Өзіміз амалдап, алысып жатырмыз шегірткелермен. Егістіктің сыртына трактормен қайта-қайта дәрі сеуіп отырмыз. Уайымымыз – осы. Ауылдағылар шөптің жоқтығынан, тіпті, арзанға малын сатып та жатыр. Бұзаулы сиыр – 250 мың. Мұның бәрі қайбір жетіскендіктен дейсіз, амалсыздықтан, – дейді шаруа қожалығының басшысы.

Не десек те, қуаңшылық мал азығының қымбаттауына әкеп соқты. Шөбі қашан да шұрайлы Арқа атырабы сусап тұр.

Коллажды жасаған Айбек РАХЫМЖАН

– Шөп былтырғыдан да сұйық шықты. Жақында ғана шықтық шабындыққа. Жылдағы межеміз – 600 тонна. Артылғанын саудалаймыз. Былтыр рулонның бағасы 12 мың теңге еді. Біз болсақ, 10 мыңнан өткіздік. Биыл да сол бағаға ұсынатын сыңайымыз бар. Әйтпесе, халыққа оңай емес. Қосалқы бөлшек бағасы да жыл сайын 10-15 пайызға қымбаттайды. Былтыр орама жіптің жұпталған бумасын 14-15 мың теңгеден алғанбыз, биыл 18 мың. Әйтеуір, Үкімет дизель отынын 210 теңгеден беріп отыр. Әйтпегенде, мұның да бағасы шырқап тұр. Қазір көзге көрінген шөптің барлығын шауып алып жатырмыз. Шіліңгір шілдеге де іліктік. Аптап ыстық күйдірмей тұрғанда қорды жинап алуымыз керек. Қараған шөбін де шауып алуға тура келді, – дейді Шет ауданындағы «Харекет» шаруа қожалығының иесі Қуаныш Хантөре.

– Ауыл шаруашылығы министрлігіне тағы да жеңілдетілген жанар-жағармайға сұраныс жібердік. Шаруалардан өтінімді электронды түрде қабылдадық. 3,1 мың тонна жанар-жағармайды шілде, тамыз айларында бөліп беретін боламыз. Баға мәселесі Энергетика министрлігі арқылы нақтыланып, бекітіледі, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының өсімдік шаруашылығын дамыту және техникалық жарақтандыру бөлімінің басшысы Болат Омарбаев.

Мұнымен бірге, ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов шөп шығынын азайтуға 400 млн. теңге бөлінгенін айтып өтті. Бұл – 200 ірі қарасы бар шаруаларға көрсетілген Үкіметтің субсидиясы. Қосымша тағы 400 млн. теңге қарастырылады. Бір басқа берілер субсидия көлемі – 10-12 мың теңге шамасында.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының биылғы есебі біржылдық шөптер алқабына – 25,2 мың гектар, көпжылдық шөптер алқабына 35,2 мың гектар дән себілгенін айтады. Ал, бұл көрсеткіштің мейлінше аздық ететінін алға тартады тәуелсіз сарапшы Ниқанбай Омарханов.

– Шұғыл түрде, кезек күттірмейтін мәселе – облысымыздағы тозып кеткен 300 мың гектардан астам көпжылдық шөптер алқабын жаңалау. Бұл – оңай шаруа емес. Шөп тұқымдарының бағасы аспандап кетті. Бұрынғы тоннасы 300-400 мың теңге болса, қазір 2-3 млн. теңге. Осының бәрін ескере отырып, 2011-2012 жылдары қолға алынып, өз тиімділігін көрсеткен көпжылдық шөптер алқаптарының 80 пайыз тұқымын және жаңартылған әр гектарын субсидиялау арқылы жаңарту бағдарламасын қайта енгізбесе болмайды. Сонымен бірге, облыстағы бар су қоймаларын толық зерттеп, тексеріп, қар суларын жинақтап, алқаптарды суаруға пайдалану керек. Бұл мәселеде облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы жанындағы «Қарағанды су қоймалары» коммуналды мемлекеттік кәсіпорыны бюджеттен қыруар қаржы бөлінсе де, ешқандай жұмыс жасап отырған жоқ. Өкінішке қарай, бүгінде облыста 160 су қоймасы иесіз жатыр, – дейді Ниқанбай Иманғалиұлы.

Тәуелсіз сарапшы ауыл шаруашылығы саласының басшылары, әкімдер Үкіметке осы бастан қуаңшылыққа байланысты жем-шөп сатып алуға мақсатты субсидияға кезектен тыс сұраныс жасау керектігін де ашық жеткізді.

Қысқасы, мал азығы – ертеңгі ел азығы екенін естен әсте шығармауымыз керек.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жаңа жатақхана құрылысы басталды

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің білім алушылары үшін 500 орындық заманауи жабдықталған жатақхана салынбақ. Студенттер үйінің жанына орналасатын жаңа кешеннің құрылысы басталып та кетті. Жауапты мердігер компания – «Оливия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылыс жұмыстарын 2024 жылы аяқтау жоспарланған.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір компания құрылыс-монтаж жұмыстарын бастады, шұқыр қазылып, іргетасын құятын орын дайындалып жатыр. Тоғыз қабатты, 202 бөлмелі студенттер баспанасы хостелдік типте салынып, заманауи талаптарға сай жабдықталады. Жоба бойынша бөлмелерге соңғы үлгідегі жиһаздар қойылады. Жертөледе теннис, шахмат, дойбы ойнайтын үстелдер орнатылады. Студенттер баспанасында білім алушылардың барлық қажеттіліктері ескеріледі. Мүмкіндігі шектеулі студенттерге арнайы бөлмелер қарастырылған.

«Оливия» құрылыс ұйымының бас инженері Игорь Юнның айтуынша, мердігер компания бұған дейін де ерекше үлгідегі тоғыз қабатты, 400 орынға лайықталған жатақхананың құрылысын жүргізіп, пайдалануға берген.

«Біз бұл жобаны уақытында аяқтауға бар күшімізді саламыз. Құрылыстың бірінші кезеңіне 15-20 адамнан тұратын бригаданы жұмылдырдық», – дейді ол.

Сондай-ақ, университет аумағына футбол, баскетбол және теннис корттары орнатылады. Университет өз студенттерінің заманауи кампуста тұрып, білім алуына барлық жағдай жасамақ.

● «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ – 2023»

Үздіктер – бәсекеде

15 шілдеде Орталық саябақта «Қазақстанның үздік тауары – 2023» өнірлік көрме-конкурсының қорытындысы шығарылады. Өз өнімдерін 70-ке жуық жергілікті қарағандылық өндірушілер ұсынады.

Кәсіпкерлер «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халық үшін үздік тауарлар» және «Үздік азық-түлік тауарлары» номинацияларында бәсекеге түседі. Сонымен қатар, Қарағанды облысы әкімінің арнайы сыйлығы табысталады.

Көрмеге қатысушылардың тәжірибесі мол болуымен қатар, өнімі халық арасында сұранысқа ие болуы тиіс. Осы байқау арқылы тауар өндірушілер өздеріне даму бағытында жаңа мүмкіндіктер ашып, өзара іскерлік байланыс орнатып, бәсекеге қабілеттілікті жетілдіре түседі.

Сондай-ақ, «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысушылардың да көрмесі өтеді. Өз тауарларын 20 ауыл кәсіпкері ұсынады.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясындағы Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы іске асыратын «Мен кәсіпкер» бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы
ЕҰУ-дің II курс студенті

● ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Топарлықтарға тарту – кешен

Осыдан 6 жыл бұрын Абай қаласында сәулетті денешынықтыру-сауықтыру кешені салынып, оның игілігін жұрт көре бастаған. Енді өткен жылдың күзінен бастап, дәл осындай нысанның құрылысы Топар кентінде де қолға алынып, биылғы тамыз айында пайдалануға берілмек. Ол салынып біткен күнде мұнда 100 орындық көрермен залы, баскетбол, волейбол, күрес және үстел теннисі ойындары бойынша әмбебап жаттығу залдары болады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аумағы 1601 шаршы метр жерде тұрғызылып жатқан бұл кешенге тапсырыс беруші – Абай ауданының құрылыс бөлімі. Мердігер – «Astana Koktem Group» ЖШС. Жалпы жобалау-сметалық құны 493 миллион 875,6 мың теңге болатын нысан басындағы жұмыс қазір де қызу қарқын алған.

– Бүгінге дейін біз жоспарланған шаруалардың 70 пайызын тындырдық, – дейді осы мердігер ұйымның прорабы Еркін Өскенбеков, – Яғни, кешеннің қасбеті бітіп, металл құрылымдары орнатылып, төбе жабындысының плиталары бетондалып, ішкі қабырғалары қызыл кірпіштен өріліп, сырты сэндвич панельдермен қапталуда.

Біз барғанда осы іспен тас қалаушылар, бетондаушылар, монтаждаушылардың 3 бригадасы айналысып жатыр екен. Олар да кенттегі кешен құрылысын белгіленген мерзімде аяқтап, қатарға қосатындарын нық сеніммен айтады. Өйткені, құрылысшылар таңның атысы, күннің батысы, тіпті, демалыс, мереке күндеріне қарамай еңбек етуде.Сәтін салса, тамыз айының соңында топарлықтар өздеріндегі су жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенінің тұсаукесерін тойлары күмәнсіз.

Абай ауданы

Жазатайым оқиға неге жиіледі?

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бұл – зерттелген статистика. Біз ғана емес, барлық құтқару қызметтері жүргізген зерттеулер осыны көрсетеді. Көлік жасаушылар да мұны растайды. Қазіргі уақытта алдыңғы орындықтағы жолаушылардың көбісі қауіпсіздік белбеуін тағатын болды. Бірақ, көліктің артқы орындығында отырған адамдардың 99 пайызы оны тақпайды. Жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда олар әдетте алдыға қарай ытқып шығады. Өздері ғана жарақат алып қоймай, алдындағы адамның да жағдайын қиындатуы мүмкін. Сондықтан, жүргізуші жолаушыларының белдік тағуын қадағалау керек, – деп ескертті дәрігер.

Осы уақытқа дейін самокатқа байланысты жол-көлік оқиғасы тіркелген жоқ. Бірақ, самокаттан құлап, жарақаттанғандар бар екен. Сонымен бірге, мотоцикл, мопед теуіп жарақаттанғандар да аз емес.

– Мұның бір себебі – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін керек-жарақты елең қылмауы. Тізеге, шынтаққа тағатын, басқа киетін арнайы заттар бала өмірі мен денсаулығынан қымбат емес шығар. Ата-анасы мұны бақылауға алып, қадағалауы керек. Ең жақсы ем – алдын алу, – деді Е.Шонбаев.

Көмекке мұқтаждар көбейген, демалыс күндері дәрігерлер де қауырт жұмыс істеді. Науқас қай ауруханаға жеткізілсе, Х.Мақажанов атындағы клиниканың, облыстық балалар клиникалық ауруханасының мамандары сонда барып, көмек көрсеткен.

– Жарақат жағдайында негізгі салмақ біздің клиникаға түседі. Себебі, Х.Мақажанов атындағы клиника жарақатты емдеуге бағдарланған. Одан бөлек, жарақат алған науқастар Теміртау, Балқаш қаласының қалалық ауруханалары мен Қарағандыдағы №1 көпбейінді ауруханаға жеткізіледі. Оларда травматологиялық бөлім бар, – дейді дәрігер.

Жалпы, көше жарақаттарының статистикасы былтырдан бері өсіп келеді екен.

– 2017 жылдан бері 2020 жылдарға дейін жарақаттану деңгейі төмен болған. Ковид кезіндегі шектеуде ол, тіпті, төмендеді. 15 мыңға дейін азайды. Былтырдан бастап, қайта көбейді. Жаз мезгілінде жарақат артады. Өндірістік, спорттық жарақат, суицид сондай көп емес, – деп түсіндірді дәрігер.

Оның айтуынша, тұрмыстық жарақатты көбінесе үлкен кісілер алады.

Сонымен қатар, Ерік Шонбаев жолға шыққан малдың себебінен орын алатын жол-көлік оқиғалары туралы да пікірін білдірді.

– Молодежный кентінде орын алған оқиға барлық аудандарда бар мәселе. Ботақара кентінің тұсында, Жаңаарқа ауданына барар жолда да жиі кездеседі. Бұл – мал бағушылардың жауапкершілігі кемдігінен. Барлық жол-көлік оқиғасы, кез келген жарақат алған адам туралы ақпарат полиция қызметкерлеріне жіберіледі, – дейді Ерік Шонбаев.

«Жайлы мектеп» қандай мектеп?

Президенттің бастамасымен елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғаны белгілі. Соңғы деректерге сәйкес республика бойынша аталған жоба аясында 368 жаңа мектеп салынады. Оның 18-і Қарағанды облысына тиесілі. Кей мектептердің құрылысы биылдан басталып та кетті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау үшін елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғанын атады.

«Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», – деді Мемлекет басшысы.

Жоба нені көздейді?

«Жайлы мектептің» басты артықшылығы – оқушылар мен мұғалімдерге қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау, білім беру қызметінің сапасын арттыру. Жоба аясында салынған мектептер заманауи құрылғылармен толық жабдықталады. Зертханалармен қамтамасыз етіледі. Ал, бастауыш сыныптар үшін жеке блог болады.

Жаңа мектептер әртүрлі сыйымдылықта, 300-ден 2000-ға дейінгі орынға лайық салынуы керек. Олардың әрқайсында робототехника кабинеті, бірнеше зертхана, аумағы 88 шаршы метр болатын хореография залы, үш коворкинг алаңы (бастауыш сынып оқушылары, орта сыныптар және мұғалімдер үшін) болуы қажет. Сонымен қатар, заманауи мектептерде бастауыш сыныптар мен орта буын, жоғары сынып оқушылары үшін жеке-жеке спорт залдары болады. Әр сыныпта арнайы интерактивті тақта мен мұғалімдерге арналған компьютерлер де қарастырылған.

Заманауи үлгіде салынатын мектептерде ерекше балаларға да жағдай жасалып, кедергісіз орта құрылады. Яғни, арнайы пандустар, лифтілер, дәретханалар, инклюзивті білім беру бөлмесі дайындалады. Интерьер дизайнының бірқатар элементі мен архитектуралық шешімдері ұлттық нақышта жасалады.

Жалпы, ұлттық жоба аясында салынатын мектептер Президенттің және Үкіметтің жеке қадағалауында болады. «Жайлы мектептердің» құрылысын үйлестіруші ретінде «Samruk-Kazyna Construction» компаниясы таңдалды. Салынатын мектептердің құрылыс жұмыстарына осы компания жауапты. Яғни, құрылыс жұмыстарының белгіленген мерзім мен талаптарға сәйкес салынуын бақылайды, мердігерлерді таңдаудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді, нысанның сапасы мен уақытылы қолданысқа берілуін қадағалайды. Жобаларды бағалау кезінде қолданыстағы стандарттар, ел Үкіметі бекіткен техникалық тапсырма, сондай-ақ, озық халықаралық тәжірибе ескеріледі. Құрылыста отандық өндіріс материалдарын пайдалануға басымдық берілмек.

Құрылыс барысы, жобалау секілді жұмыстардың бәрі дерлік ашық. Құрылысты қадағалау инженерлік қызметтері де ашық конкурстық негізде сатып алынады. Барлық сатып алу жалпыға қолжетімді онлайн платформада жүзеге асырылады. Байқау комиссиясының құрамына «Samruk-Kazyna Construction» компаниясының өкілдері ғана емес, «Атамекен» ҰКП, «Самұрық-Қазына» қоғамдық кеңесі, әкімдіктер мен Оқу-ағарту министрлігінің тәуелсіз сарапшылары да кіреді.

Біздің облысымызда әр түрлі сыйымдылықта 300-ден 2000 орынға дейінгі 18 мектеп салу жоспарлануда. 10 білім беру нысанының құрылысы биылдан басталды. Яғни, Қарағандыда – төрт, Балқашта – бір, Бұқар жырау ауданында – үш, Шет ауданында екі нысанның құрылысын бастау жоспарланған. Оларды 2024 жылы белгіленген мерзімде тапсыру қажет. Қалған сегіз мектеп 2024-2025 жылдарға жоспарланған. Олар Қарағанды, Абай, Қарқаралы, Приозерск қаласында және Нұра кентінде салынатын болады.

10 мектептің құрылысы биыл басталады

Ұлттық жоба аясында алғашқы білім беру нысандарының құрылысы биыл басталады. Оған 2025 жылға дейін 2,6 трлн. теңге бөлініп отыр.

Біздің облысымызда әр түрлі сыйымдылықта 300-ден 2000 орынға дейінгі 18 мектеп салу жоспарлануда. 10 білім беру нысанының құрылысы биылдан басталды. Яғни, Қарағандыда – төрт, Балқашта – бір, Бұқар жырау ауданында – үш, Шет ауданында екі нысанның құрылысын бастау жоспарланған. Оларды 2024 жылы белгіленген мерзімде тапсыру қажет. Қалған сегіз мектеп 2024-2025 жылдарға жоспарланған. Олар Қарағанды, Абай, Қарқаралы, Приозерск қаласында және Нұра кентінде салынатын болады.

Бүгінде өңірде жеті мектепті салатын

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

құрылыс компаниялары белгілі. Олар: «Стинк ТФК» ЖШС, «Астана-Көктем С» ЖШС, «AN Groups» ЖШС, «BiGlobal» ЖШС және жобалау ұйымдары: «Гражданпроект» ЖШС, «IN JOY Project» ЖШС, «Engineering Center ltd» ЖШС, «Tortay Engineering Co» ЖШС. «Samruk-Kazyna Constracion» АҚ Қарағанды облысы бойынша өңірлік өкілдігінің жоба жетекшісі Индира Черманованың айтуынша, компаниялар конкурс бойынша іріктелген. «Аталған компаниялар ұлттық жоба операторы – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-мен шартқа қол қояды», – дейді ол.

Аталған шарт жобалау, жабдықтар сатып алу және құрылыс процесін бір уақытта іске қосуға мүмкіндік береді.

«Қарағанды тауар өндірушілерінің пулы, кәсіпкерлердің қатысуымен техникалық ерекшеліктерді талқылау бойынша жұмыс тобы құрылды, семинарлар мен кәсіпорындарға сапарлар өткізілді. Біздің мақсатымыз – өңірдегі құндылықты дамыту және ұлттық жоба аясында отандық тауар өндірушілерді қолдау», – деді өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

Мұғалімдер қатаң іріктеуден өтеді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды бағдарламасында 1,5 млн. оқушыны оқу орнымен қамтамасыз етуді тапсырды. Оның 842 мыңы «Жайлы мектеп» жобасы аясында шешімін таппақ.

Қарағанды облысында үш ауысыммен оқытатын, тозығы жеткен, тіпті, апаттық мектептер де бар. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы осы олқылықтың орнын толтырып, оқушылардың заманауи мектепте білім алуына мүмкіндік бермек. «Жайлы мектептердің» директорынан бастап, мұғалімдеріне дейін арнайы тәртіппен қабылданады.

● БӘРЕКЕЛДІ!

NIS түлегін Қытай университеті шақырады

Қарағандыдағы Назарбаев зияткерлік мектебінің түлегі Анна Лазарева Шанхай Цзяо Тонг университетінің грантын жеңіп алды. Бұл оқу орны – Қытайдағы ең үздік бес университеттің және әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарына кіреді. Дәрежесі биік білім ордасының арнайы стипендиясын иеленген Анна механикалық инженерия мамандығы бойынша білімін шыңдауды жоспарлап отыр.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлемдегі үздік оқу орындарының бірі – Шанхай көлік коммуникациялар университетінде берік оқытушылар құрамы қалыптасқан. Университеттің ғылыми кеңесшілері арасында жүзден астам танымал ғылым қайраткерлері, соның ішінде, үш Нобель сыйлығының лауреаты бар. Қазіргі уақытта түлектер саны 100 мыңнан асты. ҚХР-ның бұрынғы төрағасы Цзян Цземинь де осы университеттің түлегі екен.

– Маған жоғары оқу орны оқуымды, сақтандыруды және тұрғын үйдің бір бөлігін жауып беретін арнайы First Class Scholarship стипендиясын ұсынды. Сабақтың бәрі ағылшын тілінде өтеді. Бірақ, ол жақта қытай тілін меңгеру студенттер үшін міндетті. Әрине, қытай тілін үйреніп алсам, маған артық етпейді. Бұл оқу орнына түсуге Назарбаев зияткерлік мектебінің білімі көмектесті. 11-сыныпта тәжірибе жинау мақсатында Flex бағдарламасына қатыстым. Одан бөлек, анам ағылшын тілін үйретті. Әрбір жеткен жетістігімде анамның үлесі бар. Ал, әкем сабырлы болуды, бәрін ақылмен шешіп, ойлаған мақсатыма жетуді үйретті, – дейді Анна Лазарева.

Ол SJTU университетінде механикалық инженерия мамандығы бойынша білімін шыңдамақ. Десе де, бұл оқу орнының өз артықшылықтары бар екен. Оқу орнына келе салысымен, мұнда мамандықты бірден таңдамайды. Екінші курстан кейін таңдау мүмкіндігі қарастырылған.

«Назарбаев зияткерлік мектептері» SJTU Global Elite бағдарламасы шеңберінде ДББҰ-ның Шанхай университеттерімен арада достық келісімшарт жасалған. Осы бағдарлама аясында елдегі Назарбаев зияткерлік мектептерінен 20-дан астам оқушы грантқа өтініш берген. Ал, Анна – солардың ішіндегі I дәрежелі грант иеленген түлек.

Ол IELTS және SAT емтихандарынан жоғары нәтиже алған. Анна бұған дейін шетелдік жоғары оқу орындарына өтініш берудің қиын жолынан өткендіктен, SJTU университетінің қабылдау емтиханы аса күрделі болмағанын айтады. Университетке қабылдау комиссиясы мүшелерінің және өзі өтініш берген бағдарлама профессорының қатысуымен болған сұхбат ағылшын тілінде онлайн режимде өткен.

Сондай-ақ, Анна Лазарева НЗМ мектептерінде өтетін желілік спартакиада мен олимпиадалардың жүлдегері. Биылғы желілік олимпиадада ол ағылшын тілінен үздік нәтиже көрсетіп, I орыннан көрінген.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында Қарағанды НЗМ мектебін 77 түлек бітірген. Түлектер Франция, Италия, Венгрия, Гонконг, Қытай, Ресей және т.б. шетелдік жоғары оқу орындарынан шақыртулар алған.

Инклюзия игілігін арттырса...

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, елімізде 140 мыңға жуық бала ерекше білім беруді қажет етеді. Оның 38 мыңы – мектеп жасына дейінгі балалар, 96 мыңы – оқушылар. Инклюзивті білім беру әлемде маңызды мәселеге айналды. Қазақстанның «Баршаға арналған білім» бағдарламасы негізінде инклюзивті білім беруді ілгерілету бойынша жүзеге асырған саясаты мен бастамаларының тың мүмкіндіктерін қарастыру күн тәртібінен түсе қоймады. Осыған қатысты педагог ретінде бір үзік пікірімізді білдіргенді құп көрдім.

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Әуел баста түсіндіре кетелік. Инклюзивті білім беру дегеніміз – әрбір оқушы қажеттілігін қанағаттандырарлық сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету процесі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі заңға қол қойғаннан кейін жалпыға бірдей білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арнайы жабдықталған сыныптар ашылды. Мектепке келе алмай жүрген балалар өзі қатарлас балалармен бір сыныпта сабақ оқуға мүмкіндік алды. Аталған заңның арқасында арнайы мамандар жұмысқа тартылып, оларға жағдай жасалуда. Арнайы оқулықтар, жұмыс дәптерлері шығарылды. Енді осы оқулықтар мен жұмыс дәптерлерінің саны артып, кітапханаларға көптеп таратылса, яғни, бәріне қолжетімді болса және мамандар біліктілігін арттыратын ақысыз курстар ұйымдастырылса, нұр үстіне нұр болар еді. Мемлекет басшысының қолдауымен әлі де көптеген жүйелі жұмыстар атқарылатынына сенім мол. Қазірдің өзінде ерекше қажеттілігі бар жандар инклюзия игілігін сезіне бастады.

2008 жылы еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясына қол қойып, онда мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін инклюзивті білім берудің маңыздылығы аталған еді.

Үкімет ұсынған негізгі бастамалардың бірі – «Баршаға арналған білім» бағдарламасы. Бұл бағдарлама Қазақстандағы әрбір баланың шығу тегі мен қабілетіне қарамастан сапалы білім алуын қамтамасыз етуді көздейді. Мұнымен бірге, Қазақстанда инклюзивті білім беруді ілгерілетумен айналысатын

бірқатар үкіметтік емес ұйымдар да бар. Мысалы, «Ашық қоғам қорлары» Қазақстанда 1993 жылдан бері инклюзивті білім беруді дамыту және мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім беруді дамыту және мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін жақсарту мақсатында жұмыс атқаруда.

Мұнда оқушылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен кешенді негізде жұмыс атқару маңызды. Яғни, бұл этикалық зерттеу тәжірибесіне сүйене отырып, мүдделі тараптармен бірлескен қарым-қатынасты дамытуды талап етеді.

Ұлыбритания Үкіметінде инклюзивті білім беруді ілгерілетуге бағытталған «Әрбір бала маңызды» бағдарламасы бар. Сондай-ақ, Үкімет мектептерге инклюзивті білімге нұсқаулар беретін «Арнайы білім беру қажеттіліктері және мүгедектік (SEND) практикалық кодексін» енгізді.

Қазақстан инклюзивті білім беруді ілгерілетуде айтарлықтай жетістіктерге жеткенімен, әлі де шешуді қажет ететін мәселелер бар. Негізгі проблемалардың бірі – инклюзивті білім беру үшін ресурс пен қаржының тапшылығы.

Оның үстіне мұғалім, ата-ана, тұтас қоғамның инклюзивті білім беру турасындағы түсінігінің кемшіндігі кері әсер етпей қоймайды. Бұл тұрғыда көмекші технологияларды пайдалану қажет. Бұл технологиялар оқудағы кедергіні жеңуге көмектеседі.

Мәселен, алақандай ғана Ақадыр кентінің өзінде инклюзия амалдарын қажетсінетін бала саны 90-ға жуықтап қалды. Балабақша мен мектепте психолог-дефектолог кабинеті болғанымен, көбіне талапқа сәйкес келмей жатады. Ақадыр тұрмақ, Шет ауданының өзінде арнайы инклюзиялық дербес орталық жоқ.

Бір мысал. Қарағандыда «Логос-Қарағанды мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту орталығы» атты қоғамдық бірлестік қызметі қолжетімді. Орталықта тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу және психика, даму және басқа да сырқаты белең алған балалар мен ересектерді оңалту жүргізіледі. Бұған массаждың барлық түрлері, денеге бағытталған терапия әдістері, АРТ-терапия, тіпті, Швейцария технологиясының рефлексологиясы, иппотерапия кіреді. Сондай-ақ, ата-аналарға өзіне деген сенімділік қалыптастыруда, баласын түсінуде, оның тұлға ретінде тануға психологиялық көмек көрсетіледі. Дәл осындай шаралар легі шалғай елдімекендерде де жүзеге асырылғаны ауадай қажет. Аумақтағы 4 дәрігерлік амбулатория жанынан жергілікті бюджет қаражатынан бөлінетіндей етіп жасақталса деген ұсынысымыз да бар.

Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс істеу оңай емес. Алайда, олардың қоғамда орны бар екенін, қатарластарымен тең құқылы екенін естен шығармағанымыз – парыз.

Ботакөз БАЙМУРЗИНА,
педагог-психолог

● ТАНЫМ

«Танымайтын жерде тон сыйлы...»

Байырғы қазақ киімі қандай болған?

Өткен ғасырларда қазақ арасындағы әлеуметтік теңсіздік сыртқы киімнен көрініс тапқан. Киімінен адамның әлеуметтік дәрежесі, кәсібі, тұрмыс-тіршілігі аңғарылған. Мәселен, сұлтандар мен хандар мұрақ бас киімін, сал-серілер жарғақ шалбар, шәйі көйлек кисе, аңшыларды шекпен-күләпарасынан, батырды қаттамасынан ажыратқан екен. Ресейдің Санкт-Петербургіндегі Кунсткамера аталатын мұражайында ежелгі қазақ таспаланған фотолар мен тұтынған заттары тұр. Тұрмысы жақсы қазақтар мен қарапайым халықтың киім киісі қандай болғанын ескі суреттер дәлелдей түседі. Мұны XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында И.Поляков, Де-Лазари Константин, С.Дудин, Ф.Туполев секілді орыс этнографтары таспаға басқан.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Табиғат төсінде өскен, еркін ғұмыр кешкен қазақтың киім киісі өзге ұлттармен салыстырғанда өзіндік ерекшелікке ие. Қазақ киген киімнен-ақ адамның кім екені, яғни, оның жасы, қоғамдағы орны, отбасылық жағдайы, қызметі, шыққан тегі, т.б. аңғарылатын болған. Қазақ халқының күнделікті және сән-салтанатта киген киімдері – бір төбе.

Б.Хинаят, А.Сужикова құрастырған «Қазақ халқының ұлттық киімдері» кітабында көшпенділер адамзат тарихында атқа отыруға қолайлы болу үшін ойлап тапқан кең шалбар мен екі өңірі ашық, қаусырылатын кеуде киімі – шапанды адамзат өркениетіне қосқаны айтылады. Әрине, қазіргі қазақтың ұлттық киімдері ертедегі көшпенділер киімінің үлгісін еске түсіреді. Тіпті, күнделікті киіп жүрген біраз киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. «Қазақтардың киімді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта ғасырларда түріктерде кездеседі. Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған», – делінген кітапта.

Қазақ халқының күнделікті және сән-салтанатта киген киімдері де бөлек. Киімінен кім екені білінгенін де айттық. Ертеде қазақ даласында хан-сұлтанды кездестірген қарапайым шаруа атынан түсіп, оң аяқ тізесін бүгіп, сәлем берген екен. Қарапайым шаруа алдынан шыққан адамының ақсүйек екенін қайдан білген десеңіз, VIII және XX ғасырлардың басында қазақ билеушілері қара-қоңыр түлкі терісімен қапталған конус тәрізді ақ немесе қызыл түсті бас киім кигенін айтуға болады.

Ауқатты адамдарға жібек, атлас, барқыттан киім тігілген. Костюмдері алтын және күміс кестелермен толықтырылды, моншақ, маржандармен, асыл тастармен безендірілді. Қарапайым адамдардың киімі арзан матадан тігілген.

Әлеуметтік дәрежені ажыратуда киімдердің түсі басты рөл атқарған. Билеуші тап өкілдерінің шапандары көбінесе, қызыл, алқызыл, қоңыр қызғылт, қызылкүрең барқыт, қырмызы маталардан тігілген екен. XVIII ғасырда ақсүйектер осы түстес шапандар киген, бірақ, кейін мұндай киім түрін түрлі-түсті қамқадан тігілген киімдер ығыстыра бастаған. Алайда, қарапайым

көшпендінің мұндай киімді сатып алуға ақшасы да, дәл ақсүйектердікіндей киім кию құқығы да болған жоқ. Сондықтан, олар жүннен немесе мақтадан жасалған астары бар көрпе сырт киімдерін киді.

Бұрынғы кезеңдегі киімдер сәндік элементтер мен әшекейлердің алуан түрлілігімен ерекшеленген. Шеберлер кесте мен өрнектерді белсенді қолданды, өйткені, олар зұлым күштерден қорғайды деп сенді.

Ал, XIX ғасырдың басына дейін киімнің көп бөлігі жүннен, былғарыдан және киізден тігілген. Қазақ хандығының Ресей аумағына қосылуынан тауарлар Орта Азия мен Қашқардан әкелінген маталарды ығыстыра бастады.

Географ Алексей Левшин «XIX ғасырдың басында кедей қазақтар жергілікті тоқылған мата мен киізден киім киіп, XIX ғасырдың ортасынан бастап импорттық маталарды қолдана бастады», – деп жазды.

Бай мен кедей балаларының киім киісі бөлек болған. Мәселен, қазақ байларының қыздары тұрмысқа шыққанда киген сәукелесі алтын және күміспен, інжу-маржандармен, асыл тастармен безендірілген. Ұзатылатын кезде сәукелені бай қыздары алдын ала жасатқан. Кімнің сәукелесі биік болса, қыздың мәртебесі де соншалықты биік деп есептелген. Бұл туралы этнограф Ғалия Қайдауылқызы «Киелі кимешек» кітабында былай дейді:

«Сәукеле – кимешектің бастамасы, басты бастықтыратын байыпты баспалдақтай бойжеткеннің әйелдік кезеңге мойынұсынғандығының белгісі. Сәукеленің сұлбасы көк әлеміне шаншыла үшкілденген оттың алауына ұқсайды. Бұл шаңырақтың иесі – отағасы болса, ошақтың иесі – отанасы деген ишара. ...Сәукеле неғұрлым биік болған сайын салтанаты арта түседі. Шамамен екі қолды төбеден асыра созып, саусақтарының ұшын түйістіргендей ұзындықта болған. Астыңғы тиянағы қозының жүнінен талдырып, басып қарпылған жұқа ақ киізден қиылып тігіледі».

Қарапайым қыздардың сәукелесі тиындармен, моншақтармен, бисермен, мата қиындыларымен безендірілген. Қалыңдық отбасының сәукелеге қаражаты болмаса, онда қалыңдық сәукелесіз, қарапайым орамалмен ұзатыла берген екен.

Бай қалыңдықтарға зерлі матадан маңлық (алтын және күміспен қоса тігілген қытай жібегі) тігіп, терімен астарлаған. Қыздардың жеке қысқы киімдері тек бай отбасыларда болған, дегенмен, тон қыз жасауының негізгі

бір бөлігі болды. Кедей отбасынан шыққан қазақ қыздары сырмалы шапан немесе күйеуінің тонын киген.

Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігіндегі Кіші жүз аумағында өмір сүрген бай қыздар алтынмен кестеленген жарқын барқыт бас киімдерін киген. Қазақстанның оңтүстігінде өзбек шеберлерінің, солтүстігі мен батысында татарлардың қолынан тігілген киімдер болған.

Тұрмысқа шыққанға дейін қазақ қыздары басына орамал тақпаған. Белгілі жазушы Зейнеп Ахметова былай дейді: «Қазақ қыздары бұрын тұрмыс құрғанға дейін орамал салмаған. «Басына орамал түсті» деген «ақ некелі әйел болды» деген ұғымды білдірген. Күйеуге шықпай тұрып, орамал салу Кеңес өкіметінің келуімен, комсомолмен бірге келген. Қазақ қыздары оған дейін кәмшат бөрік, үкілі тақия, моншақты сораба, шашақты қасаба, жырға секілді керемет сәнді бас киімдерді киген. «Қыздың көркі – шаш» деп шаш күтіміне ерекше мән бергендіктен «шашын он күн тарап, бес күн өрген» деп әнге қосып әсірелеген. «Қолаң шаш», «сүмбіл шаш», «қара шаш», «алтын шаш» деген қазақ қыздарының шаш бітіміне орай берілген әдемі теңеулер де бар. Енді осындай шашқа тағатын шолпы, шашбау, шаштеңге сияқты әшекей бұйымдарды қосыңыз», – дейді.

Күнделікті өмірде қыздар бүркіт қауырсынымен тақия киіп, шашбау тағып, тұмар ретінде қызмет ететін күміс зергерлік бұйымдарды таққан. Қыздар өсіп келе жатқанда, көйлектің етегіне қосымша қабаттар тігіліп, ұзартылған.

Әрине, қазақ халқының өткені, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдары жыр-аңыздарда, эпостарда жырланады. Оны оқырман оқи отырып, көз алдына елестетеді. Музейде сақталған фотолардан ежелгі қазақтың кейпін көріп, тірі суреттердің сөйлеп тұрғанын байқайсыз.

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Қонақтың қауіпсіздігіне кім кепіл?

Әдеп – сөзінің өзін елемейтін болдық. Негізі, бұл – үлкен сөз. Жалпы, қазір сөздің киесінен қорықпаймыз. Бабалар бір ауыз сөзбен ел тоқтатқан. Ал, біз езбе, пәтуәсі жоқ көп сөзді болып алдық. Сөздің қадірін ұқпағандықтан да өзімізді сыйлата алмай жүрміз. Осыдан келіп, тойдағы әдепсіздіктер «балалап» жатыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тойда әйелдердің мас болып билегеніне күйіндік. Жастардың тойдағы түнгі клубта жүргендей әрекетіне тағы ашындық. Үлкендердің қылығын бағып жүрген балақайлардан жүзімізді ала қаштық. Соңғы кезде карантин болып, той азайып, ел тәубесіне түсіп, жынойнақ біршама азайып еді. Кеңшілік заман келіп, қайта құтыра бастадық.

Атап айтайық, қазір тойда ұлттық ойындар ойнатыла бастады. Көк Тумен шығатын болдық. Жөн делік. Елдің рухын көтеруге, ұлттық намысты оятуға пайдасы тиіп жатса, құба-құп. Әдеп шекарадан шықпаса, қонақтардың жеке бас қауіпсіздігін сақтаса, болғаны.

Ал, аударыспақ ойнап, тізесін опыра сындырған бір әулеттің жалғыз асыраушысын не деп жұбатасыз? Қол күресте білегін қырш еткізіп тайдырып алған біреудің жалғыз ұлына не деп ашуланасыз?

Өзіміз бәрін бастаған. Енді, соның «жемісін» көрудеміз. Жалпы, тойда ойын ойнату шарт па?

Бұрынғы бабалар ән, би, күймен-ақ өткізді ғой. Тас кафельде қай есі дұрыс адам аударыспақ ойнатады? Қазір елдің қайбір күші тасып тұр дейсіз? Тойдың өзіне жарасар салт-дәстүрі, рәсімдері бар. Сол жеткілікті. Еңгезердей жігіттерді бір-біріне мінгізіп, аударыспақ ойнату жөн емес.

Көштен бұрын көсемсімей, той саласында тәжірибесі мол, талай тойды ойынсыз-ақ гүлдетіп атқарып жүрген өнер иелерінің пікіріне құлақ түрелік.

– Асаба – той иесі мен қонақтардың арасындағы үйлестіруші. Барлық жағдайды реттеп жүруші менеджер. Ал, тойды қандай стильде, қай бағытта өткізуі оның тәжірибесіне байланысты. Мәселен, мерейтойларға

аса көп ойын керек емес. Астарлы әзіл, дәмді әңгіме, байыпты ән және ептеп үзілістегі би болса жеткілікті. Ұзату тойында, тіптен, абай болуы керек. Қыз алуға келген құдалар сын көзімен қарап отырады. Үйлену тойында жастар көп болса, биге басымдық беру қажет. Ойын ойнатса да, өмірлік мәні бар, ешкімнің денсаулығына нұқсан келмейтінін ескерген жөн. «Асаба болдым екен» деп апыр-топырын шығарып, тойдың шырқын бұзуға болмайды. Тобық сындыру, тізе жару, білекті созып алу – шектен шыққандық, – дейді ақын Қайрат Иманбек.

Шынында, асаба таңдау да ұқыптылықты қажет етеді. Мәселен, той иесінің өресі, білім деңгейі, көрген-білгені қандай болса, соған сай асабаны таңдайды. Талғамы зор болса, мықты асаба іздейді. Сондықтан, бұл мәселеге бір жақты қарауға болмайды.

– Негізінде, той – тәрбие құралы. «Тойдың тамашасын бақпа, тағылымын бақ» деген ата-баба сөзі бар. Оны неге ұмыттық. Келген қонақ ақтарып тілегін айтып, өнерін ортаға салып, танысып-білісіп, дос тауып, той иесінің қуанышына ортақтасып, салт-дәстүр мен ән-жырға сусындап қайтатын киелі орын емес пе еді қазақтың тойы? Онда күш жұмсалатын ойындарды ойнатудың қажеті қанша? Бұл – үлкен мәселе. Асабалар кеңесін өткізуді қажет деп ойлаймын, – деп бөлісті әнші, сазгер Ердос Мақсұтбек.

Тойдағы аударыспақ ойыны туралы елдің пікірін сұрап, берген жауабына жағамызды ұстадық. «Иә, ойнатады. Әсіресе, мас адамдарды ойнатса, рахат. Күлкіге қарық боласың. Бірі-бірінің үстіне құлап, киімін ластап, қолтығы мен ауын жыртып алғанда, тіпті, қызық» дейді олар.

Мына сөзден кейін «тойға келген қонақтың бәрі той иесіне тілеулес болмайды екен ғой» деген ой мазалады. Қызық көріп, елдің бүлінгеніне ішек-сілесі қата күліп кететіндерді елестетіп көріңіз...

«Елді әкім, тойды ақын басқарсын» деген сөздердің өмірден алынғанына күн өткен сайын көз жетіп келеді. «Табыс табамыз» деп, екі шумақ өлең мен бір әзіл жаттап, той жағалайтын жастар абай болуы керек. Интернеттен көргенін жөні келсе де, келмесе де тойға тықпалап, опық жемесе екен дейміз. Тойда шешініп билеуді қойып, енді қол-аяқ сындыруға көштік. Мұның соңы қайда апарар екен? Ойланайық!

● ХАТ ЖАЗДЫМ ҚАЛАМ АЛЫП...

Қалаға кітап дүкені керек

Бұрындары Балқаш қаласында кітап дүкені болған. Қазір оның есігіне қара құлып ілінген. Жақында қайта ашылған болар деген үмітпен барып қайттым. Әлі ашылмағанын көріп, көңілім жабықты.

Көптеген жылдар Балқаш қаласының Қазбеков көшесіндегі дүкенге келетін жаңа кітаптарды сатып оқып жүрдім. Ал, ол кітап дүкеннің жабылғанына біршама уақыт болды. Бұл елдің көкейінде тұрған мәселе деп ойлаймын. Біріншіден, әр адам өзінің жеке кітапханасындағы кітап санының артқанын қалайды. Екіншіден, жаңа кітапты дер уақытында қолыңызға алып оқығанға не жетсін. Үшіншіден, сыйлық ретінде кітап сыйлау мәдениетін қалыптастыру жақсы үрдіске жатады. Біз бала кезімізде кітапты өте көп оқыдық. Кітапты оқи отырып, оның кейіпкерлерімен бірге әлем елдерін шарлап, солармен бірге түрлі таңғажайып оқиғаларды бастан кешкендей керемет әсерге бөленетін едік. Осылайша, кітаппен дос болып, балалық шақтан кітап оқу жақсы әдетімізге айналды.

Смартфон, интернет барша жұртқа қолжетімді болғалы қалаған ақпаратты алуға мүмкіндік бар деген пікірді жиі естимін. «Бүгінде жастар негізінен білімді кітаптан емес, аудио-видео құрылғылардан, интерактивті тақталардан алады. Мектеп кабинетінде немесе университеттің аудиториясында мұғалім мен оқытушының дәрістерін тыңдау да бар», – деп пікір таластыратындар көп. Дегенмен, бұның бәрі кітапты алмастыра алмайды. Неге?

Кітап – адамның арман-қиялын дамытады. Мен баламның кітаппен дос болғандығын қалаймын. Айтайын дегенім, қалада кітап дүкені ашылып немесе ашық аспан астында әдеби кітап сататын орындар көбейсе деген тілек.

«Кітап – білім бұлағы» деген ел едік қой.

Медет МОНАШҰЛЫ

БАЛҚАШ

● ПАЙЫМ

Қарқаралының көне тарихы

Архив құжаттары байырғы заң мәтіндерімен салыстырылуы тиіс

Әлем тарихын әлімсақтан жасайтын да, жазатын да бірегей қаламгердің есім-сойы – Заң. Өйткені, заң дегеніңіз бар нәрсені реттеуші қызметкер, оның кіріспейтұғын жері, керек емес жері жоқ. Әр нәрсенің ретін тану қажеттілігінен өнген, ішкі қайшылықтан, құқықтық екіұштылықтан ада заң әркімнің өміріне, тағдырына тікелей ықпалы зор екендігін ұққан ел заңның халық талқысынан өтуін қалаған. Сол себептен, Қарқаралы тарихының тағдыры да іргелі құндылықтардың тезінен өткені жөн болар.

Қарқаралы қаласының ұзын-ырға тарихын Совет кезеңінде 1824 жылдан бастау қазіргі құқық тұрмақ, тіпті, ақ патша заманының империялық актілеріне қайшы келмек. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» Жарғының 14-бабында қырда құрылатын сыртқы округтердің өзіндік ресми атауларынан өзге, әкімшілік аумақтағы ең дүр мекеннің ныспысын өзінің төл есімсойы ретінде иелік етуге құқығы бекітілген. Патшаның «Сібір қырғыздары туралы» Жарғысы – мыңдаған кезбелердің, тыңшылардың, әскерилердің ғасырлар бойы дала кезіп жүргізген зымиян барлаудың, тиянақты зерттеуінің өнімі. Жарғылық ереже империяның отарлау саясатының пайдасын көздегенмен, уақытша болса да, қырдағы қазақтың жолымен де санасу жайы ескерілген. Осы актідегі әкімшілік аумақтағы ең атақты мекеннің есімін өзінің меншікті атауы ретінде иелік етсін деген пәрмен осы мәжбүрліктің салдары. Кейін Семей архивіндегі деректердің куәлік еткеніндей, 1920 жылы уездік төңкеріс комитеті Қарқаралының тарихи атауын большевиктердің көп көсемдерінің бірінің ата-тегіне өзгерту туралы ұсынысы әкімшілік-аумақтық шекаралар толық анықталмау себебінен өтпей қалған.

Округ аумағындағы ең атақты мекен намы (атауы) Қарқаралыға бұйыруының заңды және негізді екендігіне көз жеткізер дәлелдерді рет-ретімен тізелік. 1826 жылы Қарқаралы округіне зерттеу мақсатымен келген шетелдік ғалым Мейердің күнделігі Қарқаралыны округ орнықпай тұрғаннан қазақтар мекен еткенін растайды. 1826 жылдың 26 шілдесінің кешінде ғалым Мейер Семейден Қарқаралыға бет алады. Мейер қаладан шығар күні Қарқаралыдан үрейлі хабар жетеді. Қырдағы мал арасында сібір күйдіргісі тағы да тарай бастапты. Сонымен бірге, Қарқаралы маңайында орыс әскері 2 мыңдай қазақпен қақтығысып қалған. Күйреген қазақ қолының қалдықтары бұларға жол бойында кездесу қаупі Семейден Шыңғыстау арқылы Қарқаралыға жеткенше сейілмейді. Мейер Семейге Ресей астаналары арқылы ғылыми экспедицияның құрамында жеткен болатын.

1826 жылы Алтай мен Шығыс Қазақстанның флорасын зерттеу мақсатында Алманияның Дерпт университеті құрамында ғалымдар К.Лебедур, А.Бунге, К.Мейер бар ғылыми экспедиция ұйымдастырады. Ғалымдардың күнделіктері 1829-1830 жылдары Берлинде неміс тілінде жарық көрген. Мейердің Қарқаралы туралы келтірген мәліметтерін В.Завалишин, Ю.Бубенковтің 1993 жылғы аудармасынан алып отырмыз. Мейер Семейден шыққан күннен төрт апта бойы дала кезіп, Қарқаралыға 26 тамызда жетіп құлайды. Жергілікті молда Саллик Сагитич диоптаздық рудникке дейін жол басшы болуға келіскен. Молда Салликтің шыққан тегі татар, 30 жылдан астам осындағы қазақтармен тұрады, Қарқаралының жер-суын жақсы біледі, ертеректе Шангин мен Вяткиндерге жол көрсеткен. Қарқаралыға кім келіп, кім кетпеген. Молданың мәліметі бізге Қарқаралы отарлаушы округ құрылғанға дейін XVIII ғасырда қазақтардың байырғы тұрақ мекені болғанынан хабар беріп тұр. Ал, бұдан жүз жыл бұрын XVII ғасырдың басында Қарқаралы қазақтың қорғаны, мерейлі мекені, ел қорғанына қажетті қару-сайман сайлар ұстаханасы болғаны белгілі. Еңсегей бойлы Есім ханның тапсырмасына сәйкес қазақтың атты әскерін ер қаруымен жабдықтауға қасына отыз жігіт ісмерді ертіп, екі-екіден, қос атқа ер ерттетіп, ағаш жонатын өткірді алып Олжашы батыр Қарқаралыға жазға салым келеді. Жаздай жатып, күз келгенде алпыс атқа аспап артып, ер қаруын сайлап хан ордасына оралыпты. Бұл 1626-1627 жылдары өткен оқиға Жақсылық Төленұлының «Олжашы батыр» дастанында баяндалған. Дастан авторы Жақсылық Төленұлы 1919-1922 жылдары Ә.Ермековпен қатар Семей губерниясындағы төңкеріс комитетінің мүшелігіне Семей халқының ашық жиналысында сайланған. Тобықты елінде сот болған, Шәкәрім Құдайбердімен сөйлескен, көпті көрген көшелі, арғы тарихтан хабары мол, білімді кісі. Халық ақыны Жақсылықтың «Қарқаралы тауының сүгіреті» деген өлеңінде «ырғайы – сапқа, шырғайы – қорамсаққа» келетін Қарқаралының асыл алқасы жайында тағы бір маңызды дерек бар. Тыңдалық: «Басында Қаракөлі Қарқараның, Көргені бәрі сонда тамашаның. Жолын таппай жобамен жан бармайды, Қашқан-сасқан сақтаған сонда жанын». Қарқаралы басында жалғыз аршаға серік қылып жаратылыс Қаракөлді сыйға тартқан. Ғалым Мейер өз күнделігінде көркем, кербез таудың атауын «Қар-Қаралы» деп таңбалайды. Ғалым Мейердің «Қар-Қаралы» терминінің «Қар-Қар» түбірі «биік шыңды тау» деген мағынаға ие ежелгі ескі сөз. Мейердің «Қар-қар» тауы Вергили мен Овидий ақындардың Гар-Гар таулары мен үндесіп жатқанына таң қалуға болмас.

Ескіні еске алмай, жаңа жадыға түспейді, Қарқаралының 1824 жылы округ болған тарихына тоқтала кетейік. Патшаның «Сібір қазақтары туралы» Жарлығы – Орта жүзді отарлаудың актісі. 1822 жылғы Жарғының 291-бабындағы «жаңа тәртіпті қабылдауда зорлық жоқ, алайда, бір қабылдаған соң, бас тартуға да жол жоқ» деген елеусіз ескертпесі алдағы жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырату процесінің негізі, бастауы, қайнар көзі болатын. Жарлықтағы аса көңіл бөлетін 317-баптың құқықтық мәні осы бір актінің мақсат-мүддесін ашып береді. 317-бапта күзет қызметін атқарып келе жатқан Сібір шептері мәңгілік мекемелер емес. Жаңа тәртіп қазақ жеріне енген сайын күзет шебі ілгері жылжи береді, ең ақырында нақты мемлекеттік шекараға жетіп, өздерін тұрақты орнықтырып барып, тыным табады. Ал, империяның нақты мемлекеттік шекарасын анықтайтын күш – отарлау саясаты. Сол себептен, құқықтық тұрғыдан Қарқаралының арғы тарихы мен қазақтың байырғы жерін отарлау мақсатында құрылған округтік бекіністің ашылу тарихының аражігін анық ажырата білу қажет. Жаңа тәртіп метрополияның ұзақ уақыт жүргізілген дипломатиялық басқыншылығын, әскери колонизацияны, экономикалық экспанцияны, жерді де, елді де қанау мен тонау саясатын «заңдастырудың» актісі еді. Қырдағы билікті иеленіп кеткен отарлау орталығы ел басқару жүйесін түбегейлі өзгертіп, байырғы қазақ жерін жат жұрттың меншігіне аударып алды. Төрт жыл өткенде осы округке келген Мейер күнделігінде жаңа қоныс соғу үшін қазақтарға Қар-Қаралы таулары және біраз округтік приказына іссапармен келіп жатқан Батыс Сібірдің бас басқармасының чиновнигі Гусевтің 1852 жылдың 3 тамызында жазған ресми қатынас қағазы. Гусев өз жолдауында Қарқаралы округтік приказына заңсыз талап қойған. Чиновник хатында приказдың орыс заседателі Добшинскийдің Қарқаралы приказына қарайтын гауптвахтадан Майбасар Өскенбаев пен Мырзақан Туғанбаевты бостандыққа шығарып жіберген іс-әрекеттеріне наразылық білдірген. Аты аталған қазақтарды гауптвахтаға өзі отырғызған Гусев хатында оларды Қарқаралы көшесінде тайраңдап жүргеніне және аға сұлтан Құнанбайдың үйінде жайбарақат тұрып жатқанына таң қалғанын жазады. Заң бойынша аға сұлтан приказ орналасқан мекенде тұруға міндетті болатын. 1822 жылғы Жарғының 167-168 баптары бойынша аға сұлтанға ресми бөлінген жер телімінде қандай да бір қозғалмайтын мүлік салынған болса, қызметтен кеткенде тиісті бағалаудан соң оның пайдасына сатылады. Жарғы ережесі, Гусевтің мәлімдемесі Құнанбайдың Қарқаралыда әйелдері Үлжан, Айғыз, бала-шағасымен тұрып жатқан жекеменшік үйі болғанын растайды. Жаңағы деректер негізінде Абайдың балалық шағы 1850 жылдан бастап, Қарқаралы округтік приказында өтті деуге болар.

Әке Құнанбай бала шәкірт Абайды 1850 жылдан бастап әкімшілік ісіне үйрете бастағанын көреміз. 1858 жылы Семейдің медресесінен ауылына оралған Абай әкесі Құнанбайдың қарамағында бала жігіт қызметін атқарады. Ертедегі «бала шәкірт», «бала жігіт» терминдерінің мән-мағынасы билік ету, басшы болу ісіне оқыту, үйретуге арналған қазақтың құқықтық мектебі болғандығын бекітеді. Омбылық чиновник Гусев ресми жазбаларында аға сұлтан Құнанбайды Қарқаралы приказының председателі деп те атайды. Өйткені, 1822 жылғы Жарғының 15-20 баптарына сәйкес ауылдарды старшиналар, болыстарды сұлтандар басқаратын. Ал, бүкіл бір округті басқаруға болыстар аға сұлтанды сайлайтын. Сайланған аға сұлтанға Ресей үкіметінің атынан жергілікті басқару ісі тапсырылғандықтан ол – земский чиновник көзделген. Мейерге Қарқаралыда жолыққан молда Саллик Сагитич кейін приказда «губернский секретарь» дәрежесіне жеткен. Жарлықта секретарьдің қызметтік құзыреті сипатталмаған, тек жылдық жалақысы 900 рубль болыпты, аға сұлтандікі – 1200, ресей заседателі – 1000, қазақ заседателі – 200. Жылдық жалақысына қарағанда секретарь приказда іс қарағанда қабылданған шешімдерді журналға түсіріп отырған қызметкер. 1852 жылы Мәмбетей-Тобықты болысының сұлтаны Шалғынбай Біралин Батыс Сібір генерал-губернаторына аға сұлтан Құнанбайдың үстінен түсірген шағымында аға сұлтан 1851 жылы мұның болысынан отставкадағы губерндік секретарь Бубеновке 250 бас қой жинап берген деп көрсеткен. Қарқаралының бергі тарихына қатысты анық ақпараттың тағы бір көзі болып табылатын 1913 жылы Қазандағы Шамсуддин Хусаинов мұрагерлері университетінің баспасынан шыққан «Қисса-и Өндірбай хаж-ул-хәрәмаен» кітабының бір данасы Семейдегі Абай музейінде сақтаулы. Өндірбай қажы – жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбайды Меккеге қажылыққа бастап апаратын Өндірбай қалпе. Қисса Құнанбаймен бірге Меккеге шыққан Қарқаралы қазақтары туралы мол ақпарат келтірген. Кітаптың авторы Жүсіпұғлы Абдырахманның аты-жөні «Иранғайып Шаһ Ғаббас» қазақ дастанында жүр. Кітап 1907 жылы Қазан баспасынан басылып шығып, оқырман жұртқа тараған да авторы Мұхаммедғали Өндірбайұлы өзін «Қарқаралы қазағымын» деп таныстырады. Поляк революционері А.Янушкевич «Қарқаралы қазағының жақсы мінезі» деген бағалауды Құнанбайдың аузынан 1846 жылы естиді. Қарқаралы туралы Ә.Бөкейханның, М.Әуезовтің әңгімелерінде де ғылыми талдауды қажет ететін терең сырлы деректер жеткілікті. Соның бірі, М.Әуезовтің 1950 жылдардағы «Абай (Ибраһим). Құнанбай ұлы» мақаласында Абайдың жас шағында Қарқаралы округінде араласып жүрген қазақ байлары туралы дерек берген: «Абайдың жас шағында араласып жүрген Қарқаралы округінде қазақ байларының шаруасы алты процент болса да, мал-мүлік-жер аумағы бөлінген соң сұлтандар мен бай қазақтар ағаштан үй салуға ынталы болып отырғанын жазыпты.

Үй салуға ниет білдірген бай қазақтардың қатарында Құнанбай Өскенбаевтың да аты аталатын құнды құжатқа кездестік. Осыдан он бес шақты жыл бұрын ғалым Н.Дулатбеков Омбы архивінде сақтаулы жатқан жерінен шартты атауы «Құнанбай Өскенбайұлының ісі» деген іс қағаздарын алып келіп, бертінде жеке жинақ күйінде жарыққа шығарған. Жинақты парақтау барысында Қарқаралы тарихына қатысы бар небір қызықты деректерге жолықтық. Соның бірі – Қарқаралыдағы Құнанбайдың үйі туралы. Архивтегі дерек – Қарқаралы болып танылатын. Округтік приказ-билік орны боп саналғандықтан барлық істер приказ атынан өткерілетін. Аға сұлтанның төрағалық етуімен округтік приказда облыс бастығы бекіткен екі ресейлік заседательден өзге құрметті қазақтар арасынан сайланған екі қазақ заседателі қызмет ететін. Гусев Жарлыққа сай аға сұлтанды председатель деп атаса, неміс ғалымы Мейер «президент» деп жазады. Мейердің айтуы бойынша приказдағы қызметкерлерден өзге патша үкіметі молдаларға да жалақы төлеген, олардың көбісі – қазан татарлары. Олай болатын себебі, 1822 жылғы Жарғының 71-бабының 1-тармағында приказдағы істерді ресей және татар тілдерінде жүргізу тің үштен бірі солардың қолында болады».

1868 жылы жаңа тәртіп бойынша қазақ жері бірнеше облысқа бөлінеді де, округтердің орнына уездер құрылады. Абайдың елі Семей облысының Семей уезіне қарап қалады да, Абайдың Қарқаралымен қарым-қатынасы 1868 жылдан үзіле бастайды. Уездің әкімшілік басқару орталығы Семей қаласымен тығыз байланысқа көшеді. Сонымен, Қарқаралының арғы тарихы туралы көне кітаптар мен архив құжаттарындағы деректерді байырғы заң мәтіндерімен салыстыра отырып ізденсек, адаспаймыз.

Марат АЗБАНБАЕВ

● ТАҒЗЫМ

Ескерткіш тақта орнатылды

Қарқаралы тарихында өзіндік орны бар, абзал азамат, еліне елеулі, халқына қалаулы болған, статистика саласының ардагері Рүстем Оспановқа мемориалдық тақта орнатылды. Ескерткіш тақта ардагердің өзі жұмыс істеген, іргетасын қалаған ұйымның қабырғасына ілінді. Рүстем Қабдоллаұлы 1941 жылы 20 наурызда Қарқаралы қаласында дүниеге келген.

Қаладағы №1 қазақ орта мектебін оқып бітірген соң Семей ауылшаруашылық институтына оқуға түседі. Арнаулы білім алған жігерлі жас жігіт аудандық статистикаға қатардағы маман болып қабылданды. Аз уақыт ішінде еңбекқорлығымен, білім-қабілетімен дараланған жас маман осы мекеменің меңгерушісі болып тағайындалды. Сол уақыттан бастап, Рүстем Қабдоллаұлы зейнеткерлікке шыққанша аталмыш саланы басқарды.

– Ол өзінің жұмысқа деген ыждаһатты да тиянақты ұстанымынан танбай, қызметін бар жауапкершілікпен атқара білді. Іскер, мықты басшы болды. Оның басшылығымен Қарқаралы аудандық статистика бөлімінің жұмысы нақты және

«Іскер, мықты басшы болды. Оның басшылығымен Қарқаралы аудандық статистика бөлімінің жұмысы нақты және ұйымдасқан түрде алға басты. Білікті басшының іскерлігі, жоғары ұйымдастырушылығы, дарындылығы, жоғары біліктілік қасиеттерінің арқасында кез келген өндірістік тапсырмалар уақытылы әрі сапалы орындалды. Кез келген мәселе оңтайлы шешімін табатын»

ұйымдасқан түрде алға басты. Білікті басшының іскерлігі, жоғары ұйымдастырушылығы, дарындылығы, жоғары біліктілік қасиеттерінің арқасында кез келген өндірістік тапсырмалар уақытылы әрі сапалы орындалды. Кез келген мәселе оңтайлы шешімін табатын. Мен Рекеңнің орынбасары болып он жылдай қызмет істедім. Жұмысқа 5 минут ерте келіп, 5 минут кеш қайтатынбыз. Бізді аудандағылар «Қарқаралының сағаты» деп айтатын. Әділдікті жаны сүйетін адам еді. Әрі өзінің білгенін, оқыған, тоқығанын үнемі бізге үйретіп отыратын. Тәртіп пен әділдікті жанына ту еткен абзал азамат еді, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Бүгінгі ескерткіш те сол еңбегінің өтеуі, – деп еске алады қызметтес болған Қалиман Құсайынова.

Тақтаның ашылу сәтінде сөз алған аудан әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев бұл шараның маңыздылығын атап өтті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова пікір білдірді.

– Дос ретінде, жерлес ретінде Рүстем абзал азамат еді. Біз қызмет бабында ғана емес, дос ретінде, азамат ретінде жақын араластық. Өте мейірбан, адал, тік мінезді еді. Айтар ойын ірікпейтін. Ұзақ жылдар бойы бір мекемені басқару оңай емес. Қызметін абыроймен атқарды. Мына ғимарат та сол кісі еңбек еткен жылдары салынды. Бүгін ашылған тақта әркімге бұйыра бермейтін бақыт, – деді Рымбала Кенжебалақызы.

Қадірлі қонақтардың жүрекжарды лебізінен соң тақта ашылды. Ақ шүберек сырғи кеп түскенде тақтадан кең маңдайлы, қыран көз адамның бейнесі жарқ етті. Қойылған гүлдерде есеп жоқ. Ардагердің 56 жыл отасқан жары Сағыныш Бөпиева ескерткіш тақтаның ашылуында көзіне жас алды.

– 30 жыл бойы осы мекемеде қызмет жасады. Енді, міне, еңбегі еленіп жатыр. Халқыма, еліме алғыс айтамын. Бүгін өшкенім қайта жанғандай болды. Алдына келген адамның баршасына жақсылық жасауға дайын еді. Сол жақсылықтары бүгін еселеп қайтты. Алла разы болсын!, – деді жары.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Қарқаралы ауданы

● ЖАЗ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Жақсы демалыс – жан азығы

Балалар жазғы каникулда, бос уақытында ұялы телефонға байланады. Сондықтан да оқушылардың жазғы демалысын қызықты өткізу мақсатында мектеп жанынан лагерь жұмыс істей бастады. Биылғы жаңалық, қосымша білім мекемелері, оның ішінде музыка мектептері де осы жазда оқушыларымызбен тығыз байланыста болып, түрлі ойындар, сауықтыру бағдарламалары мен концерттер ұйымдастырдық. Қарағандыдағы Қ.Аманжолов атындағы музыка мектебі «Лагерьдегі жазғы демалыс» атты ойын-сауық шарасын ұйымдастырды.

Оқушылардың жазғы демалыс лагерін жоғары деңгейде ұйымдастыру – ортақ міндет. Балалардың шығармашылық кабілетін арттыруда жүйелі жұмыс жасау керек. Оқыту мен тәрбиелеу барысы екі жақты, оған педагогтар мен тәрбиеленушілердің біріккен күш-жігері арқылы ғана қол жетеді. Сондықтан, оқушылардың таным белсенділігінің артуы, шығармашылық қабілеттерінің дамуы – оқыту мен тәрбиелеу жұмысының маңызды тұсы.

Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетаным аясы кеңіп, көзқарасы қалыптасып, ықыласы артатын жылдың тамаша мезгілі. Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзінің қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді.

Сондықтан, оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыт-бағдар берудің мәні зор.

Балалар мен жасөспірімдердің демалысын тиімді пайдаланып, саламатты өмір салтын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қажетті жағдай жасап, мектепке жинадық.

Шара барысында, халық аспаптары бөлімінің «Шыңырау» ансамблі, «Домбырашылар ансамблі», дәстүрлі ән бөлімінің әншілері ән шырқады.

Одан соң оқушылар асыға күткен ойындар басталды. Ұлттық ойындар, логикалық және спорттық ойын түрлері балалардың қызығушылығын арттырады. Ер балаларға арналған ұлттық ойындар «Асық ату», «Арқан тарту», секіру, жүгіру және би қимылдарын қайталау сынды ойындар ойнатылып, оқушылар бір сергіп қалды. Шара соңында флешмоб ұйымдастырылып, тәттілер үлестірілді.

Қазақ – талғампаз халық. Ұрпағына қалдырған бай мұрасы – тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірибесіне толы. Ұлттық болмыс пен халықтық ұғымдарды шәкірт бойына дарытуда отбасы мен ұстаздар қауымының тәлім-тәрбиелік шараларына қойылар талап жоғарылады. Мектеп – білім берумен қатар, тағылымды тәлім-тәрбие түрлерін сіңіретін өнеге ордасы. Тәрбие мазмұны ұйымдастырушының шеберлігімен ұштасқанда қандай шара болсын шәкірттің ішкі жан-дүниесін жаңартып, рухани азық болары анық.

Анар ЕСҚАЛИЕВА,
Қ.Аманжолов атындағы балалар музыка мектебінің директоры
Фарида АБДОҒАЛИЕВА,
директордың тәрбие жөніндегі орынбасары

Еске алу

Абзал азамат

17 шілде күні ағамыз **Саят Смағанбетұлы ДҮЙСЕТАЕВ** 60 жасқа келуші еді. Өкінішке орай, арамыздан ерте кетті.

Ол 1963 жылы Қарқаралы қаласында, зиялы отбасында дүниеге келді. Жаратылысынан ерекше аққөңіл, жарқын бейнелі, үлкенді сыйлай білген іні, кішіге қамқоршы болған аға еді.

Саят Смағанбетұлы Қарқаралы қаласындағы №2 орта мектепті тәмамдаған соң, Алматы қаласындағы зоотехникалық малдәрігерлік институтында оқып, «зоотехния» мамандығы бойынша бірінші жоғары білімін алды. 1984 жылдан бастап мемлекеттік қызметте, яғни Қарқаралы аудандық партия және комсомол комитеттерінде нұсқаушы, бөлім жетекшісі болып жұмыс жасады. Арасында ауыл шаруашылығы саласының дамуына да үлесін қосты. Зооветтехникумда оқытушы болды. Кез келген жұмыста Саят Смағанбетұлы өзін ұйымдастырушылық қабілетімен, қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен көзге түсті. Іскер, талапшыл, ұйымдастырушылық қасиеттері басым Саят Смағанбетұлын мемлекеттік қызметті қайтадан жалғастыруға, заң саласына қызметке келді. С.Дүйсетаев 1996 жылдан бастап ішкі істер органдарында жұмыс жасай жүріп, осы салада қызметін одан әрі дамыту үшін Б.Бейсенов атындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды заң институтына 1999 ж. оқуға түсті. Оны 2002 жылы «құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп, екінші жоғары білімін алды. Оқуын да оқып, қызметін де атқарды. Қарқаралы аудандық мемлекеттік тергеу комитеті бөлімі аппаратында қызметін бастаған ол, Қарағанды облыстық ішкі істер басқармасында еңбек жолын жалғастырды. 1998-2009 жылдар аралығында Қарқаралы аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, кейіннен осы бөлімнің бастығы болды. С.Дүйсетаевтың көп жылғы еңбегі мен тәжірибесі оның қызметінің жоғарылауына ықпал етті. Осындай қызметтерде жүріп тәжірибе жинап, беделді болған С.Дүйсетаев Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратына арнайы мекемелер басқармасының басшысы қызметіне ауыстырылды.

Саят Смағанбетұлының заң саласындағы қызмет еткен кездері, оның өмірі мен қызметінің ең жалынды жылдары еді. Ол бұл саланы ерекше жақсы көргендіктен, беріліп жұмыс істеді, білімі мен отбасынан алған тәрбиесін көрсетті, еңбекқор, қабілетті азамат ретінде танылды. Сондықтан бұл саладағы оның еңбегі лайықты бағаланды: III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Үздік қызметі үшін» төсбелгілерімен марапатталды. 2011 жылы 5 қыркүйекте қызмет өтілі бойынша ішкі істер органдарынан құрметті зейнеткерлікке шықты. Зейнеткерлікте де Саят Смағанбетұлы еңбек сапынан тыс қалмай, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне қызметке шақырылып, өмірінің соңғы күніне дейін «Охотзоопром» Республикалық мемлекеттік қазынашылық мекемесінің Орталық аумақтық филиалының басшысы болып жұмыс атқарды. Мұнда да Саят Смағанбетұлы алған білімімен, бойына сіңіріп өскен тәрбиесімен, туа біткен алғырлығы және қажыр-қайраты арқасында жақсы жұмыс істей білді, қол астындағы мамандармен сыйласып қызмет жасады, әділ басшы болды.

Саят Смағанбетұлы ағайын-туысқандар мен дос-жарандардың арасында өзін ерекше ұстайтын. Бауырмал, аққөңіл, жақсы адами қасиеттері басым Саят ағамыз кез келген отырыстарда өзін өткір тілімен, әдемі қалжыңымен, жайдары, кеңпейілді азамат ретінде көрсете білді. Адамдық, адалдық, жолдастық қалпын бұзбаған өмірден ерте кетсе де, артына ұрпағын қалдырды. Балаларына жақсы әке, немере-жиендеріне мейірімді ата болды. Артындағы ұрпағына біздің айтарымыз тек Саят ағамыздың жүріп өткен өмір жолын мадақтау, үш әріптен тұратын «ӘКЕ» деген қасиетті ұғымды құрметтеуге, тағзым етуге үйрету.

Саят ағамыздың жатқан жері жайлы, мәңгілік үйінің іші нұрлы болсын!

Гүлнара СМАҒҰЛОВА,
немере қарындасы,
Қарағанды университетінің профессоры
№419

«Bolashaq» академиясының әкімшілігі мен профессорлық-оқытушы құрамы академияның Ғылыми-зерттеу, ізгілік педагогикасы, педагогикалық тәлімгерлік орталығының жетекші маманы, филология ғылымдарының кандидаты, аудармашы, әдебиетші ғалым, оқу-ағарту ісінің үздігі Нұршат Жұмаділ Төлеуғалиқызына аяулы анасы

Мәйкен Махметқызы СЕКЕРБАЕВАНЫҢ

87 жасында өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№422

● БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

Әскери шен тапсырылды

Қарағанды медицина университеті Фармация мектебінің студенттері білім ала жүріп, әскери кафедраны сәтті аяқтады. Түлектерге салтанатты түрде запастағы медицина қызметінің лейтенанттары әскери шені тапсырылды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әскери кафедра басшысы, запастағы полковник Бауыржан Жиенбаев Фармация мектебінің түлектерін бакалавр дәрежесімен құттықтап, Қорғаныс министрінің «Запастағы медицина қызметінің лейтенанты» әскери атағын беру туралы бұйрығын оқыды. Әскери кафедраның 14 түлегіне әскери шен тапсырды. Запастағы офицер шенін алу үшін студенттер екі жыл теориялық әскери дайындықтан, бір айлық әскери оқу-жаттығу жиынынан өтіп, емтихан тапсырды.

Офицерлік атақ түлектерге қарулы күштер қатарында келісім-шартпен жұмыс жасауға, сондай-ақ, азаматтық кәсіпорындарға орналасуға мүмкіндік береді.

– Бүгінгі жас офицерлер болашақта еліне қызмет ететін маманға айналады. Оқу орнының ұстаздарына да алғысым шексіз. Жас түлектерге денсаулық пен табыс тілеп, Қазақстан Республикасының қорғаныс күштеріне өз үлесін қоса берсін демекпін, – деді Бауыржан Әкімжанұлы.

Болашақта Қарулы күштеріміздің басқаратын осы түлектер. Әскери кафедраның әр түлегінің «Запастағы медицина қызметінің лейтенанты» әскери атағын алуы оларға қанат бітіріп, рух бергендей. Олардың көзінен от көрдік. «Ер жігіт елі үшін туады» демекші, осындай өр рухты азаматтар барда ел іргесі аман, ел ішінде тыныштық салтанат құрары сөзсіз.

● БАЙҚАУ

Ыстықкөлде топ жарды

Қырғызстанда өткен XIII халықаралық «Ыстықкөл достарын шақырады-2023» этно-карнавалда ЮНЕСКО клубының Қарағандыдағы №2 музыка мектебі оқушылары жеңімпаз танылды. Байқауға Қырғызстан, Беларусь, Қазақстан, Ресей, Өзбекстанның түпкір-түпкірінен 400 бала қатысқанын атап өткен жөн. Төрт жүз қатысушының ортасынан оза шауып, бәйге алған жас дарындарға кубок, диплом, медаль табысталды.

Байқау дәстүрге айналған. Мақсаты – ТМД елдерінің этномәдени ерекшелігін сақтап, жаңғырту. Сонымен бірге, байқауға қатысушылардың талантын ұштау.

Бұл өнер додасы аясында шығармашылық конкурстар өткізіледі.

Ал, №2 музыка мектебінің «Ақжелең» домбыра ансамблі «Халық ансамблі» аталымында бас жүлдені иеленді. Жетекшісі – Жәнібек Қазыбекұлы.

Бәсеке бірнеше аталымнан тұрды. Атап айтқанда, «Халық ансамблі», «Халық ансамблі: соло», «Халық биі: ансамбль», «Халық биі: шағын топ», «Халық биі: соло» аталымдарында өнер көрсетті.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің II курс студенті

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Д

● ЧЕМПИОНАТ

Парашютшілер бақ сынасты

Қарағанды облысындағы Қазақстан авиациялық спорт федерациясының ұйымдастыруымен Бұқар жырау ауданы Үштөбе ауылының «Балапан» әуе айлағында қону дәлдігіне арналған парашют спортынан облыстық ашық чемпионат өтті.

Жарысқа Қарағанды, Алматы, Балқаш, Теміртау қалаларынан және 50085 әскери бөлімінен, барлығы бес команда, 24 спортшы қатысты. Ең жас қатысушы – 16 жаста, ал, ең егде парашютші 67 – жаста. Жас айырмашылықтарына қарамастан қатысушылар 180 рет секірді.

– Чемпионат ұзақ үзілістен кейін қайта басталды. Жас шектеулері жоқ. Қатысушылар арасында қыздар да бар. Қону дәлдігіне жеке және командалық секірулер жасалды. Екі жүйе қатысты – «Қанат» типті парашют және «Д-1-5У» дөңгелек парашюттері. Секіру биіктігі – 1200 шақырым. Спортшылар нәтижені тіркейтін электрондық құрылғы жатқан төсенішке қонуы тиіс болды, – деді «Қарағанды облысындағы Қазақстан авиациялық спорт федерациясы» РҚБ филиалының директоры Игорь Борсяк.

Алдағы уақытта біріншіліктің нәтижелері бойынша Қазақстан чемпионатында Қарағанды облысының атынан қатысатын команда жасақталады.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің II курс студенті

Қарағанды облысы: ауа райы

	13 шілде	14 шілде	15 шілде
Қарағанды қаласы	+37 +20	+35 +20	+33 +21
Абай ауданы	+35 +15	+35 +19	+32 +20
Ақтоғай ауданы	+32 +14	+34 +16	+33 +20
Бұқар жырау ауданы	+29 +19	+27 +16	+19 +14
Қарқаралы ауданы	+32 +16	+33 +19	+33 +20
Нұра ауданы	+36 +16	+36 +19	+38 +20
Осакаров ауданы	+35 +17	+34 +20	+36 +22
Шет ауданы	+34 +15	+36 +18	+36 +22

Ақпарат https://www.gismeteo.kz/ сайтынан алынды

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантқа түсу үшін – ҚарУ коды – 031; Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№409

● БӘРЕКЕЛДІ!

Бас жүлде – «Аңызда»

Түркістан жерінде топ жарып, Қырғызстандағы халықаралық байқауға жолдама алған қарқаралылық бишілер бас жүлдені иеленді. Биік белестерді бағындырып жүрген «Аңыз» үлгілі хореографиялық ансамблі бұл жолы да өздерінің кәсіби шеберліктерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бес мемлекетте өтетін байқауға тегін қатысуға жолдама ұтып алған «Аңыз» хореографиялық ансамблінің бұл алғаш рет шет елге шығуы. Ансамбль жетекшісі Ләйла Төлеуқызының қажырлы еңбегі «Аңыздың» жарқын жетістіктерінде жатыр. Қандай істі қолға алса да, жоғары нәтиже көрсетуге талпынатын ұстаз бен талапты бишілердің екіжақты еңбегі Ыстықкөл жағасында өткен байқауда гран-при алуға негіз болды. Әсіресе, қазылық жасаған жоғары білімді, кәсіби хореограф мамандар сарапқа салған байқауда «Аңыздықтар» билеген «Асатаяқ» биі ерекше назарға ілінді. Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын фольклорлық биде халқымыздың салт-дәстүрі көрініс тапты. Қолдарына ұстаған ежелгі құрал тарихы тереңнен сыр шертетін асатаяқтың дұрыс қолданылуы әділқазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

– Бұл байқау мен үшін үлкен тәжірибе. Жан-жақтан жиналған ұжымдардың би өнерін көрдім. Әділқазылардың әділдігі, шынайы өнерді бағалайтыны, би иірімдерін түсінетіндігі анық байқалып тұрды. Нәтижесінде қатысқан ұжымдарға лайықты орындар берілді. Ал, біздің бұл сапарымызға аудан әкімі Ерлан Құсайын, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен ата-аналар демеушілік жасады. Ыстықкөлде жоғары деңгейде ұйымдастырылған байқауда бишілерімді жаңа қырынан көрдім. Бұл жеңіс – талант, еңбек, төзім түйіскен жеңіс болды, – дейді Ләйла Төлеуқызы.

Бір ерекшелігі «Аңыздан» шыққан бишілер жарты ғасырдан астам тарихы бар «Салтанат» ансамблінің құрамын толықтырып отырады. Яғни, «Аңыз» – талантты бишілерді қанаттандыратын мықты мектеп.

● ЖӘДІГЕРЛЕР СӨЙЛЕЙДІ

Дүлдүлдер саусағының табы қалған

Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музей қорында өнірімізге, елімізге танымал, өнер тарихында есімдері алтын әріптермен жазылған тұлғалардың домбыралары сақтаулы.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атақты күйшілердің жеті домбырасы

Абай Құнанбайұлының үлгісінде жасалған домбыра

Мұражайдағы 15 домбыраның жетеуі – дүлдүлдерге тиесілі. Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің басшысы Салтанат Қамытбаева бұл домбыралар Әбікен Хасенұлы, Шәңгерей Манабаев, Дәулетбек Сәдуақасұлы сынды дарынды күйшілердікі екенін айтады.

– Біздің аудандық музейде атақты күйшілерден, домбыра жасау шеберлерінен мұраға қалған 7 домбыра бар. Шертпе күйдің шебері Әбікен Хасенұлының домбырасын 2007 жылы Өспен ауылындағы С.Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану музейіне Тұрсын Мақажанов тапсырды. Домбыра жақсы күйінде сақталған. Әбікен Хасенұлы XX ғасырдың бас кезінде Өспен ауылына келіп, Тұрсынның әкесі Мұқан Мақажанұлының үйінде қонақта болған екен. Мұқанның қонақжайлығына, өнерді құрметтейтініне риза болған Әбікен Хасенұлы өзінің домбырасын сыйға тартып кетіпті.

Келесі домбыра – Әрін ұстанікі. Бұл да Өспен ауылындағы музейге тапсырылған. Тапсырған – Әрін ұстаның Жанболат деген немересі, – дейді Салтанат Қамытбаева.

Тағы екі домбыра – белгілі күйші Дәулетбек Сәдуақасұлы мен ақын, күйші, шебер Шәңгерей Манабаевтікі. Дәулетбектің домбырасын музей қорына 2012 жылы Зәрубай Сүйіндікұлы тапсырған. Ал, Шәңгерей Қасымұлы Шет аудандық музейіне 1990 жылы өзі сыйға тартқан екен.

Бір домбыра – белгілі айтыскер ақын Ермек Мұстафиндікі. Ол 1941-1956 жылдары С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театрында актер, әнші болған талантты өнер иесі.

Соңғы екі домбыра Смағұл Ғабдоллаұлы мен Аманжол Рақымжанұлынан қалған жәдігер. Бұл екеуі де ағаштан түйін түйген шеберлер. Смағұлдың домбырасын музейге 1960 жылы Б.Ғабдуллин, Аманжолдың домбырасын 1970 жылы жазушы Кәмел Жүнісстегі өткізген.

Музей басшысының айтуынша, Шет өңіріндегі күйшілік дәстүрді насихаттап, орындаушы, шертпе күй шебері – Зәрубай Сүйіндікұлының қарағай ағашынан бітеудей ойылып жасалған домбырасы да музейдің құнды жәдігерлерінің біріне айналған. Музей қорындағы домбыраларды жасауда ағаш шеберлері үнемі көп ізденіп келген, сондықтан да, олар аспаптың формасы мен құрылысына ерекше назар аударып отырған. Қалақ домбыралардың көлемі неғұрлым кішірек болса, дауысы да соғұрлым әсем үнді болған.

Сонымен қатар, музей қорындағы музыкалық аспаптың бірі – қобыз. «Бөкештің қобызы» XIX ғасырға жатады. 1988 жылы Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны Иген Абитаев тапсырған. Өлшемі – 68×16 см.

Шет ауданы

● ЕСКЕК ЕСУ

Қазақстан чемпионаты басталды

Теміртауда академиялық есуден Қазақстан командалық чемпионаты жалауын желбіретті. Жарысқа Астана, Түркістан, Батыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарының құрамалары қатысып, ескек есудің 20 түрінен 150-ге жуық спортшы бақ сынауда.

– Нақты көшбасшы жоқ. Әр аймақ 5-6 түрінен жеңіске ие бола алады. Осы маусымда 62-Үлкен Мәскеу регатасына қатысып, онда екі күміс, бір қола жеңіп алдық. Қазір Азия ойындарына, 18 жасқа дейінгі және 23 жасқа дейінгі Азия чемпионатына дайындалып жатырмыз, – дейді академиялық есуден Қазақстан құрамасының бас бапкері Асылан Құсайынов.

Жарыстың бірінші күні жеңіл салмақта 2 шақырымда жекелей жарыста Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы астаналық Мария Чернец жеңіске жетті.

– Ескек есумен 15 жасымнан бері айналысамын. Сұлулық пен жылдамдық ұнайды. Қазақстанда бәсекелестік артып келеді, ескекшілер өте көп. Азия ойындарына іріктеуден өттім. Басты мақсатым – жеңіске жету, – деді Мария.

Жарыс нәтижелері негізінде Қазақстанның үздік командасы анықталады.

● ЖҮЗУ

Қоржында – 19 медаль

Қонаев қаласында ашық суда жүзуден Қазақстан чемпионаты өтті. Онда жүзуден Қарағанды олимпиадалық резерв мектебінің тәрбиеленушілері рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізді. Олар аймақ құрамасы қоржынына 19 медаль салды.

Жеңіс үшін 11 аймақтың 145 спортшысы бәсекеге түсті. Биылғы чемпионатта қарағандылық жүзушілердің медалі былтырғыдан төрт медальға артық.

Атап айтсақ, Ярослав Губарев 500, 5000 және 10 000 метрде I орынға, Иван Лисицын бір теңіз милінде (1852 м) және 500 метрде I орынға, 3000 метрде II орынға ие болды. Республикалық біріншіліктің жүлдегерлері – Эрик Залиев, Лиона Загриценко, Варвара Купчик, Никита Борисов, Тимур Қасымов, Даниил Абросов және Тимофей Лебедев.

– Жарыс қорытындысында, ҚР спорт шеберлерінің нормативін В.Купчик, Л.Загриценко, Н.Борисов және Т.Қасымов орындады. Кейбір спортшыларымыздың жастар арасындағы әлем чемпионатына қатысуға мүмкіндігі бар, – деді облыстың ашық суда жүзуден аға жаттықтырушысы Евгений Аленушка.

● ПРАКТИКУМ

Мәдени кеңістік мәселесі талқыланды

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана Нұра ауданының орталық кітапханалар жүйесі Б.Ысқақов атындағы аудандық орталық кітапхана базасында «Кітапхана және аймақтың мәдени кеңістігі» әдістемелік практикум ұйымдастырды. Практикумға қолдау көрсеткен – облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Практикум аймақта халыққа қызмет көрсетудің бірыңғай заманауи ақпараттық-кітапханалық жүйені қалыптастыруға ықпал ету, тиімді инновациялық кәсіби идеяларды тарату, облыстың кітапхана мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамытуды көздеді.

Практикум жұмысына қалалық және аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйелерінің өкілдері қатысты. Аудандық орталық кітапхана ғимаратының алаңында практикум қатысушылары мен қонақтарын қазақтың ұлттық киімін киген жастар ән шырқап, шашу шашып, салтанатты түрде қарсы алды.

Кейін кітапхана фойесінде ұйымдастырылған «Кітаптар шеңберінде» атты жобалар көрме-инсталяциясын тамашалады. Н.Гоголь атындағы ОӘҒК («Объективте – Қарағанды» жастар фотокроссын), Теміртау ОКЖ «Оқитын қала», Ақтоғай ОКЖ («Тарих сөйлейді» жобасы), Осакаров ОКЖ («Библиотуризм: көшпенділердің ізімен»), Шет ОКЖ (IT-киіз үй) атты жобасын таныстырды.

Шараның ресми ашылуы кітапхананың оқу залында өтті. Ауқымды жиын барысында Н.Гоголь атындағы ОӘҒК-ның ғылыми хатшысы Валентина Пак сөз сөйлеп, аймақ кітапханаларының одан әрі дамуына, мамандардың кәсіби шараларды өткізу тәжірибесін жинақтауына үлкен көмек көрсететінін айтты.

Нұра ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдер бөлімінің басшысы Жарқын Нұрмағамбетов облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е.Жұмакеновтің практикум қатысушыларына арналған құттықтауын жеткізді.

Практикум жұмысына арнайы шақырылған Ұлттық академиялық кітапхана басшысының ақпараттық ресурстар бойынша орынбасары Нұржан Жолдыбалинов пен журналист, «Бас редакторлар клубы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жауапты хатшысы Бибігүл Құламан қатысты.

Бибігүл Бөкенбайқызы «Әлеуметтік желідегі жеке бренд» тақырыбында тренинг өткізді. Онда әлеуметтік желілерде жұмыс істеу әдістері мен тәжірибелерін қарапайым тілмен, жоғары кәсіби деңгейде жеткізіп, ұялы телефонға бейнежазба түсірудің, бейнені монтаждау дағдылары бойынша практикалық жұмыс жүргізді.

Пікір алмасу барысында осындай қызығушылық танытқан аудиторияға лебізін білдіріп, қатысушыларға сертификат табыстады.

Үзілістен кейін практикум қатысушылары екі шығармашылық топқа бөлінді. Бірінші топ жаттықтырушы Н.Жолдыбалиновтың «Мобилография: оқырмандарды кітапханаға баруға шабыттандыратын мобильді контент» атты тренингіне қатысса, екінші топ Н.Гоголь атындағы ОӘҒК кітапханаларды дамыту бөлімінің басшысы А.Карашованың «Кітапханалық идеялар марафоны» атты шығармашылық алаңына қатысты.

Үшінші шығармашылық алаң «Электронды кеңістіктегі кітапхана» деп аталды.

● ТЕАТР

Жасөспірімдер театрында – тың жоба

Теміртау қаласының балалар мен жасөспірімдер театры демалысқа шықпақ. Жасөспірімдерге қойылым ұсынатын балалар театры демалысқа шықса да, көрермендермен виртуалды кеңістікте байланыста қалатындарын жеткізді.

Театр алдағы уақытта жас жеткіншектерге өздерінің жаңа жобаларын ұсынбақшы. Жоба жасөспірімдердің ой-өрісін арттырып, алға қарай жетелеу мақсатында ұйымдастырылады. Бұл жоба театрдың Instagram желісінде онлайн-жоба ретінде іске қосылады. Бірі «Бесті әкел!» екіншісі «Тамаша демалыс рецепті» деп аталады.

Енді көрермен театр актерлерімен және қызметкерлерімен жақынырақ танысуға мүмкіндік алады.

«Бесті әкел!» жобасына қатысушылар кітаптардағы, фильмдердегі, спектакльдердегі, музыкадағы талғамдары туралы әңгімелесіп, сонымен қатар, кеңес, әдет немесе дәйек сөзбен бөліссе, ал, «Тамаша демалыс рецептінде» көрермен театр қызметкерлерінің бос уақытын қалай өткізуді ұнататыны туралы білетін болады.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің
II курс студенті

● ӨРТ СӨНДІРУ-ҚҰТҚАРУ СПОРТЫ

Антон алтын алды

Атырауда жасөспірімдер арасында өрт сөндіру-құтқару спортынан XIII республикалық чемпионат өтті. Онда Қарағанды облысы ТЖД спортшысы Антон Мартынов оқу мұнарасының 2 қабаттағы терезесіне шабуыл сатысымен көтерілу пәні бойынша орта топ арасындағы табанды күресте Қазақстан чемпионы атанып, алтыннан медаль тағынды.

Қарағанды облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі спортшыны құттықтап, ақшалай сыйлық табыстады.

№32 орта мектептің тоғызыншы сыныбында оқитын Антон өрт сөндіру-құтқару спортымен 10 жастан бастап айналысады. Биыл ол абсолютті чемпион атанды.

Жас спортшы Қазақстан жасөспірімдер ұлттық құрамасында. Алдағы уақытта 20 шілде мен 2 тамыз аралығында Орал қаласында жаттығу жиындарына, 3-9 тамызда Ресей Федерациясының Саранск қаласында өтетін әлем чемпионатына қатысады.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары м.а.– **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҚАСЫМХАН**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 463
№76 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**